



«Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды».
Қ.К. Тоқаев

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30-жылдығына
және Ә.Ә. Ермаковтың 130-жылдығына арналған
**«ӘЛІМХАН ЕРМЕКОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ»**
атты Халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-
конференциясы

Международная научно-практическая
онлайн-конференция
**«АЛИМХАН ЕРМЕКОВ И СТАНОВЛЕНИЕ
КАЗАХСТАНСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ»**,
посвященная 30-летию Независимости Республики
Казахстан и 130-летию А.А. Ермакова.

International Scientific and Practical Online Conference
**"ALIMKHAN YERMEKOV AND THE FORMATION OF
KAZAKHSTAN STATEHOOD"**,
dedicated to the 30th anniversary of Independence of the
Republic of Kazakhstan and the 130th anniversary of
Yermekov A.A.

16 сәуір
апреля
april
2021

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Қарағанды техникалық университеті
Министерство образования и науки Республики Казахстан
Карагандинский технический университет
Ministry of education and science of the Republic of Kazakhstan
Karaganda Technical University

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30-жылдығына және
Ә.Ә. Ермаковтың 130-жылдығына арналған
«Әлімхан Ермаков және қазақстандық мемлекеттіліктің
қалыптасуы» атты
Халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференциясы
Е Н Б Е К Т Е Р І
16 сәуір 2021 ж.

Т Р У Д Ы
Международной научно-практической
онлайн-конференции
«Алимхан Ермаков и становление
казахстанской государственности»,
посвященной 30-летию Независимости
Республики Казахстан и 130-летию А.А. Ермакова
16 апреля 2021 г.

PROCEEDINGS
International Scientific and Practical Online Conference
«Alimkhan Yermekov and the Formation of Kazakhstan Statehood», dedicated
to the 30th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan and the
130th anniversary of A.A.Yermekov
April 16, 2021

Қарағанды 2021

УДК 378.184 (574)
ББК 74.04 (5 Каз)
В56

Главный редактор
профессор С.Г.Ожигин

Редакционная коллегия
Алпысбаева Н.А., Агибаева С.Ж., Шорманбаева Д.Г.,
Тлеугабылова К.С., Кажикенова С.Ш.

Алимхан Ермаков и становление казахстанской государственности. Труды Международной научно-практической онлайн-конференции 16 апреля 2021 г. Министерство образования и науки РК; Карагандинский технический университет. - Караганда: Изд-во КарТУ, 2021. – 248 с.

ISBN 978-601-320-383-6

В Трудах опубликованы доклады участников Международной научно-практической онлайн-конференции «Алимхан Ермаков и становление казахстанской государственности», посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан.

ISBN 978-601-320-383-6

© Карагандинский технический
университет, 2021

ПРИВЕТСТВЕННЫЕ СЛОВА

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында **«Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды»** деп атап айтты.

Алаш қайраткерлері қазақ мемлекетінің іргетасын қалады. Олар қазақ жерінің шекарасын анықтау мен бекітуге белсене қатысып, жеріміздің тұтастығын сақтауға бар күштерін салды.

Біз сол Алаш қайраткерлерінің бірі, даңқты жерлесіміз Әлімхан Ермековті мақтан етеміз. Оның бүкіл өмірі туған халқына адал қызмет етудің нақты үлгісі болып табылады.

Әлімхан Ермеков Алаш қозғалысының ең жас, белсенді және жігерлі өкілдерінің бірі болды. Оның құқық, этнос тарихы, экономикалық география мәселелері бойынша терең білімі қызметінің елеулі және табысты нәтижелерге жетуіне себеп болды.

Бүгін сіздерден оның шәкірттері, зерттеушілер мен әріптестерінен тарихи тұлғаның әлі ешкім танып-білмеген еңбегі, жүріп өткен жолы жайлы жаңа тың деректермен танысамын деген ойдамын.

Уважаемые участники конференции!

В этом году мы отмечаем 130-летний юбилей нашего земляка, первого казахского профессора-математика, общественного деятеля Алимхана Ермекова.

Именно ему, его политической и общественной работе, отстаиванию интересов страны, мы обязаны возвращением Казахстану очень важных территорий, таких как побережье Каспия, Акмолинской и Семипалатинской областей. Сегодня сложно представить наше государство без выхода к морю и владения запасами нефти и газа.

Его жизнь была очень сложной, чудом удалось избежать трагической участи многих соратников-алашордынцев, но больше 18 лет он провел в лагерях как политзаключенный. При этом сохранил свой дух и до конца жизни был верен своим идеалам.

Алимхан Абеуович прожил активную насыщенную жизнь учителя, наставника, ученого, гражданина и патриота. Многие факты его биографии сохранились благодаря его трудам, монографиям, свидетельству его учеников и наследников.

Мы можем по праву гордиться именем своего выдающегося земляка и его неоценимым вкладом в становление нашей страны.

Спасибо всем, кто сегодня принимает участие в этом важном мероприятии. Желаю вам успешной и плодотворной научной работы, творческих успехов!

Аким Карагандинской области

Ж.М. Қасымбек

Құрметті Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысушылар!

Әлімхан Әбеуұлы Ермеков – аңыз адам. Оның есімі Қазақстан тарихына мәңгілікке енді, өйткені ол «Алаш» партиясының белсенді көшбасшыларының бірі ретінде өз уақытында еліміздің аумақтық шекараларын қорғай алды. Әлімхан Ермековтың есімі ұзақ уақыт үнсіз қалғанына қарамастан, ол жоғарғы марапатқа – халықтың танымына, сүйіспеншілігі мен құрметіне ие болды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Тәуелсіздік мерейтойы аясында біз осындай көрнекті тұлғалардың рөлін ерекше атап өтіп, олардың бай мұрасын жастарға және бүкіл әлемге жеткізуіміз керек. ...Алаш қозғалысының қайраткерлерінің бай мұрасын дәйекті түрде зерделеу қажет», деп атап өтті.

Әлімхан Ермеков ауыр қуғын-сүргін жылдарын бастан өткерді, соған қарамастан ол өзіне тән белсенді азаматтық ұстанымын, ғалымдық дарыны мен педагогикалық шеберлігін, адами әсерлілігін, зиялылығы мен мәрттігін сақтай алды.

Әлімхан Әбеуұлы жауапты қоғамдық-саяси қызметтерде жүрсе де, мемлекеттік қызметті ағартушылық, ғылыми-педагогикалық жұмыстармен ұштастыра білді. Педагог және ағартушы Әлімхан Ермеков Октябрь революциясынан кейін республикадағы орта оқу орындарының, содан кейін жоғары оқу орындарының ең белсенді ұйымдастырушыларының бірі болды, сол жерде математикадан сабақ берді.

Әлімхан Әбеуұлы Ермековтың туғанына 130 жыл толуына орай біз мерейтойлық күнге арналған іс-шаралар кешенін іске асыру бойынша Жол картасын әзірледік. 2020 жылғы 14 қазанда университетіміздің бастамасымен өмірінің соңғы жылдарын өткізген Абай көшесі, 58 үйде (бұрынғы Ленин көшесі) ескерткіш мемориалдық тақта ашылды.

Жоғары математика кафедрасында салтанатты түрде ол кісінің атына аудитория ашылды, онда профессор Әлімхан Ермеков 1955-1958 жылдар аралығында жұмыс істеген. Атаулы аудиторияның кіреберісінде көрнекті қоғам қайраткері, профессор, математик, ғалым, Әлімхан Әбеуұлы Ермековке мемориалдық тақта орнатылған.

Әлімхан Ермековтың 130 жылдығына орай математикалық студенттік олимпиада өткізіліп, оған Қазақстанның 14 облысының 20 жоғары оқу орнының студенттері қатысты. Олимпиаданың барлық жеңімпаздары мен қатысушыларын құттықтаймыз! Жаңа жетістіктер мен табыстар тілейміз!

Әлімхан Ермековтың есімі Қазақстан тарихына мәңгілікке енді, бүгінгі таңда ол замандастар мен студент жастар үшін ар-намыс, өміршеңдік пен мақсаткерліктің үлгісі болып табылады.

Конференцияның барлық қатысушыларына қош келдіңіздер деп, жемісті жұмыс тілеуге рұқсат етіңіздер! Денсаулық, амандық, шығармашылық табыс тілеймін!

Уважаемые участники Международной научно-практической конференции!

Алимхан Абеуович Ермеков - человек-легенда. Его имя навечно вошло в историю Казахстана, ведь именно он, как один из активных лидеров партии «Алаш», в свое время сумел отстоять территориальные границы нашей страны. Несмотря на то, что имя Алимхана Ермекова долгое время замалчивалось, он получил высшую награду – признание народа, его любовь и уважение.

Как отметил в своей статье «Независимость дороже всего» Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Кемелевич Токаев: «В рамках юбилея Независимости мы должны особо отметить роль таких выдающихся личностей, донести их богатое наследие до нашей молодежи и всего мира. ...Необходимо последовательно изучать богатое наследие деятелей движения Алаш».

Алимхан Ермеков перенес тяжелые годы репрессий, но сумел при этом сохранить присущие ему активную гражданскую позицию, талант ученого и педагогическое мастерство, человеческое обаяние, интеллигентность и благородство.

Находясь на ответственных общественно-политических постах, Алимхан Абеуович постоянно совмещал государственную деятельность с просветительской и научно-педагогической. Педагог и просветитель Алимхан Ермеков был одним из самых активных организаторов средних учебных заведений в республике сразу после Октябрьской революции, а затем и высших учебных заведений, вел там преподавание по математике.

В преддверии 130-летия со дня рождения Алимхана Абеуовича Ермекова нами была разработана Дорожная карта по реализации комплекса мероприятий к юбилейной дате. 14 октября 2020г. по инициативе нашего университета была открыта памятная мемориальная доска на доме по улице Абая, 58 (бывшая улица Ленина), в котором он проживал последние годы своей жизни.

В торжественной обстановке открыта именная аудитория на кафедре высшей математики, на которой профессор Алимхан Ермеков работал с 1955-го по 1958-й годы. На входе в именную аудиторию установлена мемориальная доска выдающемуся общественному деятелю, профессору, математику, ученому, Алимхану Абеуовичу Ермекову.

К 130-летию Алимхана Ермекова проведена математическая студенческая олимпиада, в которой приняли участие студенты 20 вузов из 14 областей Казахстана. Поздравляем всех победителей и участников олимпиады! Желаем новых достижений и успехов!

Имя Алимхана Ермекова навечно вошло в историю Казахстана, и сегодня он является примером чести, жизнестойкости и целеустремленности для современников и студенческой молодежи.

Разрешите поприветствовать и пожелать плодотворной работы всем участникам конференции! Здоровья и благополучия, творческих успехов!

Председатель Правления – Ректор НАО «КарТУ»,
доктор технических наук, профессор,
Лауреат Государственной премии РК
в области науки и техники им. аль-Фараби
М.К. Ибатов

Құрметті Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысушылар!

XX ғасырдың басында саяси сахнада біздің кең байтақ жеріміздің шашырап кеткен көне аймақтарды қайтару бойынша қаншама күш жұмсаған қазақ халқының жас көшбасшыларының бірқатар тобы пайда болғаны белгілі.

Алаш қозғалысының көшбасшылары жоғары білімді адамдар болды және жаңа қазақ басқарушылық элитасының өкілдері ретінде ұлттық мелекеттіліктің іргетасын қалады, қазақ жерлерінің шекараларын анықтау және біріктіру процесіне белсенді қатысты, қазақ аумағының тұтастығын қамтамасыз ету үшін бар күшін салды.

Солардың бірі Мәскеудегі көпсағаттық дауларда, 4 айлық тынымсыз жұмыста қазіргі Қазақстан аумағының бөлігін сақтап қалған Әлімхан Әбеуұлы Ермеков болды.

Өмірінде басынан қандай қиын-қыстау заманды өткеніне қарамастан, Ә. Ермеков әрқашан көмек қолын созуға дайын қайырымды адам болып қалды, және адами асыл қасиеттерін жоғалтқан жоқ. 1955 жылы лагерьлердегі азапты 18 жылды артқа тастап, қапастан босап шыққан Әлімхан Ермеков бар қалған өмірін ғылым саласына арнауды шешеді, және Қарағанды техникалық университетіндегі ұстаздық еңбегінің осы жылдары тарихта алтын әріппен жазылатын кезеңдердің бірі болып қалады.

Міне, бүгінде осындай қайталанбас бірегей тұлғаның есімін мәңгі есте сақтау, оның идеяларын насихаттау үшін қосып отырған үлестеріңіз зор алғысқа лайық деп есептеймін!

Бүгінгі конференцияның барша қатысушыларына сәттілік және нәтижелі жұмыс тілеймін!!!

Уважаемые участники Международной научно-практической конференции!

Как известно, в начале XX века на политической сцене появилась целая плеяда молодых лидеров казахского народа, которые приложили немало усилий к возвращению разбросанных исконных территорий нашей необъятной страны.

Лидеры движения Алаш были высокообразованными людьми и как представители новой казахской управленческой элиты заложили фундамент национальной государственности, приняли активное участие в процессе определения границ и воссоединения казахских земель, прилагали все усилия для обеспечения единства и благополучия нашего народа.

Одним из них был Алимхан Абеуович Ермеков, который в многочасовых спорах в Москве, в 4-х месячной кропотливой работе отстаивал часть территории современного Казахстана.

Несмотря на то, что А.Ермеков испытал за свою жизнь очень много страданий и трудностей, он остался отзывчивым человеком, готовым протянуть руку помощи, и не утратил прекрасные человеческие качества. В 1955 году, после 18 мучительных лет в лагерях, Алимхан Ермеков решил посвятить всю оставшуюся жизнь науке, и эти годы преподавательского труда в Карагандинском техническом университете останутся одним из периодов истории, написанных золотыми буквами.

Я считаю, что сегодня ваш вклад в увековечивание памяти такого уникального человека, в популяризацию его идей заслуживает огромной благодарности!

Желаю всем участникам сегодняшней конференции успешной и продуктивной работы!!!

Депутат Мажилиса Парламента РК
Б. Әбдіғалиұлы

Қайырлы күн, құрметті ханымдар мен мырзалар!

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына және көрнекті саяси қайраткер, математик ғалым Әлімхан Әбеуұлы Ермековтың 130 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференцияға қош келдіңіздер!

Барлық уақытта салыстырмалы түрде күні кешегі тарихи өлшемдер бойынша өткенді түсіну оңай болған жоқ. Егемендік алған жылдар бізден қаншалықты алыстаған сайын, толыққанды тарихи деп атауға болатын өткен оқиғалардың маңыздылығы біздің алдымызда айқын көрінеді.

Біз тәуелсіздігіміздің бізге өзі келмегенін, оған біз жүздеген жылдар бойы ұмтылғанымызды ұмытпау керек. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізу идеясы Тұңғыш президент Н.Ә. Назарбаевқа тиесілі. Елбасы тәуелсіздік туын көтеріп, Қазақстан – тәуелсіз мемлекет деп бірінші болып жариялады. Елдің тәуелсіздігі егемен Қазақстанның ұлттық құндылықтарының бүкіл жүйесінің басында тұруы керек.

Ел президенті Қ. Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы тек біздің елімізде ғана емес, алыс шет елде де кең резонанс тудырды. Онда мемлекет басшысы өзгеше ойлайтындарға қазақтар үшін жер – қасиетті және біздің ата-бабаларымыз оны бізге баға жетпес мұра етіп қалдырған деп жауап берді. Жер – саяси немесе сауда құралы емес. Қазақ жері шет елдіктерге жалға берілмейді және сатылмайды. Осыған байланысты әлемде халқымыздың ұлттық құндылықтарына негізделетін өз идеологиямызды насихаттау керек.

Қозғалыстың, Алаштың алғашқы саяси қазақ партиясы мен Алаш Орда үкіметінің пайда болуы қазақ халқының тәуелсіздік үшін, дербес ұлттық мемлекетілікті құру үшін көпжасырлық күресінің заңды кезеңі болды.

Және бүгін, құқық, этнос тарихы, экономикалық география мәселелерін терең білетін, Алаш қозғалысының ең жас, белсенді және жігерлі өкілдерінің бірі Әлімхан Ермеков болғанын ерекше атап өткім келеді.

Қозғалыстың идеялық жетекшілері А. Бөкейханов пен А. Байтұрсынов қазақ халқының ұлттық мүдделерін қорғаудың жоғары миссиясын сеніп тапсырды. Ә. Ермеков қарсыластарын сендіре білу қабілетінің арқасында осы қиын міндетті абыроймен орындады, бүгінде еліміздің мақтанышы және тірегі болып табылатын Қазақ КСР-нің өте маңызды жер аумақтарын Қазақстанға қайтаруға қол жеткізді.

Әлімхан Ермеков пен оның серіктерінің армандары мен мүдделері орындалды. Қазақстан басшылығы нарықтық экономикасы дамыған, өз азаматтарын қорғаудың әлеуметтік бағдарлануына бағытталған тұрақты саяси жүйесі бар заманауи мемлекет қалыптастыра алды. Біздің тәуелсіздігіміздің құндылықтары: Қазақстан халқының көп ұлттылығы, халық пен жер, ұлттық мүдделердің ортақтығы, тіл, әдебиет, адамгершілік, ұлттық дәстүрлер мен отбасы, білім және ғылым, мемлекеттік шекараларды межелеу, бейбіт сүйгіш сыртқы саясат болып табылады.

Қазіргі әлемде әлемдік тәртіп, қауіпсіздік жүйесінде және әлем сәулетінде түбегейлі өзгерістер орын алуда. Құбылыстар мен оқиғалар бұрын-соңды болмағандай адамзаттың жаһандық қауіп-қатерлерге қарсы бірігуін талап етеді.

Бұл жағдайда, әрине, бүкіл қазақстандық қоғамды шоғырландыру, ұлттық құндылықтарды, тарихи естеліктерді және ерекше мәдениетті қастерлеу қажет. Және, ең алдымен, тәуелсіздік жағдайында тәрбиеленген, біздің елімізді болашақта жаңа мақсаттарға жетелейтін жас ұрпақ.

Осы ғылыми-практикалық онлайн конференцияны өткізу өткен сабақтарды түсінуге үлес қосуға, жастардың патриотизмін арттыруға, еліміздің ары қарай дамуы

үшін оларды бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Назарларыңызға рахмет!

Добрый день, уважаемые дамы и господа!

Позвольте приветствовать всех вас, участников Международной научно-практической онлайн - конференции, посвященной 30-летию Независимости и 130-летию выдающегося политического деятеля, ученого-математика Алимхана Абеуовича Ермакова!

Во все времена осмысление относительно недавнего по историческим меркам прошлого было задачей не из легких. Чем дальше уходят от нас годы приобретения суверенитета, тем явственнее предстает перед нами значимость прошедших событий, которые с полным правом можно назвать историческими.

Нельзя забывать о том, что независимость пришла на сама собой, к ней мы шли сотни и сотни лет. Идея обретения Казахстаном государственной независимости принадлежит Первому президенту Н.А.Назарбаеву. Елбасы поднял знамя независимости и первым провозгласил, что Казахстан-независимое государство. Именно независимость страны должна стоять во главе всей системы национальных ценностей суверенного Казахстана.

Статья президента страны К. Токаева «Независимость дороже всего» вызвала широкий резонанс не только в нашей стране, но и далеко за рубежом. В ней глава государства дал ответ инакомыслящим, что земля для казахов-священна и наши предки оставили нам как бесценное наследие. Земля – не политический или торговый инструмент. Казахская земля не сдается в аренду и не продается иностранцам. В этой связи необходима продвигать в мире свою идеологию, базирующихся на национальных ценностях народа.

Появление движения, первой политической казахской партии Алаш и правительства Алаш Орды было закономерным этапом в многовековой борьбе казахского народа за независимость, за создание самостоятельного национального государства.

И сегодня особенно хотелось бы подчеркнуть, что именно Алимхан Ермаков был одним из самых молодых, деятельных и энергичных представителей движения Алаш, имевший глубокие знания по вопросам права, истории этноса, экономической географии.

Идейные руководители движения А. Букейханов и А. Байтурсинов доверили ему высокую миссию отстаивания национальных интересов казахского народа. Ермаков А. обладая умением убеждать оппонентов с честью справился с этой труднейшей задачей, добился возвращения Казахской ССР важных земельных территорий, которые сегодня являются гордостью и опорой нашей страны.

Мечты и чаяния Алимхана Ермакова и его соратников сбылись. Руководству Казахстана удалось построить современное государство с развитой рыночной экономикой, устойчивой политической системой, направленной на социальную ориентированность защиты своих граждан. Ценностями нашей независимости, как известно, являются многонациональность казахстанского народа, народ и земля, общность национальных интересов, язык, литература, нравственность, национальные традиции и семья, знания и наука, демаркация государственных границ, миролюбивая внешняя политика.

В современном мире в настоящее время происходят кардинальные изменения в системе мирового порядка, безопасности и архитектуре мира. Явления и события как никогда ранее требуют объединения усилий всего человечества перед лицом глобальных вызовов и угроз.

В этих условиях, разумеется, необходима консолидация всего казахстанского общества, беречь национальные ценности, историческую память и самобытную культуру. И, прежде всего, молодого поколения, воспитанного в условиях независимости, которое поведет нашу страну к новым целям в будущем.

Проведение данной научно-практической онлайн конференции позволит внести определенный вклад в осмысление уроков прошлого, выработать рекомендации, направленные на повышение патриотизма у молодежи, повышения ее конкурентоспособности в дальнейшем развитии нашей страны.

Благодарю за внимание!

Сокурсник и соратник Первого Президента РК - Елбасы,
первый министр иностранных дел РК,
доктор политических наук,
профессор Академии государственного управления
при Президенте РК,
Лауреат Государственной премии Республики Казахстан
в области науки и техники имени аль-Фараби
Сулейменов Т.С.

ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

Ермеков О.М.

Внук А. А. Ермекова, к.э.н.,
руководитель образовательной компании «Maryadi education»
Великобритания

ОБ АЛИМХАНЕ ЕРМЕКОВЕ

В начале прошлого века Партия Алаш, одним из организаторов и активных деятелей которой был, Алимхан Ермеков, стояла у истоков возрождения национального самосознания. Именно её лидерами бала впервые выдвинута идея создания суверенного Казахстана. За свои взгляды и деятельность лидеры движения Алаш были жестоко наказаны. Многие подверглись не просто унижениям и гонениям, а лишились жизни. Мой дед - Алимхан Ермеков, отсидел в сибирских лагерях в общей сложности 18 лет. Вот так непросто Казахстан получил свой суверенитет и нынешнюю свою территорию.

Конечно, в истории Казахского народа есть много имен, составляющих его величие и славу. Но имена алашординцев вписаны в историю Казахстана кровью.

О чем мечтал мой дед и его единомышленники? Что это были за люди? За какие поступки и взгляды лишились они здоровья и жизни? Что было их жизненным стержнем? Как бы они поступали в тех или иных ситуациях сегодня?

Эти вопросы интересовали меня всегда. А ответы на них были моими жизненными ориентирами.

Я думаю, что очень важно, чтобы молодое поколение сегодня знало и помнило тех, чьим идеям и делам казахстанцы во многом обязаны своему суверенитету. Сегодня очень важно понимать их глубоко патриотичную гражданскую жизненную позицию. Их устремления. Их откровенно жертвенные поступки, ради родного Казахстана и народа, проживающего на этой земле.

Несмотря на тяжелейшие испытания и лишения, членам «Алаш» удалось до конца жизни не разрушить свой нравственный стержень. Сохранить верность принципам. Не поддаться властным амбициям и тщеславию. Не стать меркантильными. Не скатиться к накопительству.

Сегодня так много всего происходит вокруг, так много различной информации, среди которой молодому поколению очень непросто определить правильные личные жизненные ориентиры.

Считаю, что стойкость и самоотверженность Алашординцев - это безусловный образец для подражания. Образец патриотизма, бескорыстия и преданности национальному долгу.

Мой дед занимался не только политикой, но благородным делом - он преподавал. А без точного морального ориентира знания ничего не значат. Только их широта позволяет занимать правильную позицию с умением

двигаться вперед, сострадать не только собственному благополучию, но стране и своему народу.

Пропагандируя самый главный тезис - просвещение и образование делают людей праведнее, дает им возможность правильно выстраивать свою позицию в жизни, он всем говорил: надо учиться!

Мир вокруг нас сегодня очень сложный и быстро изменяющийся. Новые открытия, технологии, форматы общения – всевозможные мессенджеры, социальные сети. Виртуальный мир стал настолько привычен, что многие уже не представляют, как жили без него раньше. Конечно, сегодня мы живем в другом мире, ... но, главное это то, ...что настоящее время - это время жесточайшей и изощренной конкуренции в вопросах мировой экономики, политики и идеологии.

Поэтому, одно из важнейших условий для того, чтобы Казахстан в настоящем и будущем смог занять достойное место в этом сложном мире – это, прежде всего, наличие осмысленной и твердой гражданской позиции у каждого казахстанца.

Сағынтаев С.С.
Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі,
техника ғылымдарының кандидаты
Алматы қ.

ЕРМЕКОВ Ә.Ә. - МАТЕМАТИК, ҰСТАЗ

1962 жылғы Қарағанды Мемлекеттік педагогикалық институтының (КарГУ) физика-математика факультетін бітіретін студенттер үшін Мемлекеттік комиссиясының төрағасы болып физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Нам Дянь Чун тағайындалған екен және ол кісі Қарағанды политехникалық институтының «Жоғары математика» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарыпты. Осы кезеңде кафедраға ұстаз болуға ыңғайлы жас маман таңдап алу керек болады. Осындай ұсынысқа сәйкес, физика-математика факультетінің деканы Келтенов Тұрлыбек Келтенович пен Мемлекеттік комиссияның төрағасы ақылдаса келіп, оқу бітірушілер ішінен студент Сағынтаев Савет Сағынтайұлының кандидатурасын ұйғарады.

Деканымыз мені кабинетіне шақыртып, келісті тұлғалы үлкен кісімен таныстырды. Сөйтсем ол кісі қазақтың тұңғыш математик-ғалымы, қазақ тілінде алғаш жарық көрген «Жоғары математика» оқулығының авторы, Мемлекет Қайраткері, «Алаш» партиясының негізін қалаушыларының бірі, бұрын есту арқылы таныс болған, ұлағатты ұстаз-педагог Ермаков Алимхан Абеуұлы болып шықты. Танысудан кейін деканымыз, Сағынтаев сен политехқа ұстаз болып баруың керек деп мәлімдеді. Мен болсам, жоғары оқу орнына ұстаздық етуге дайын емес шығармын деген ниет білдірдім. Олай емес, сен ұстаз болып КарПТИ-ге баруың керек, оның мән жайын Алекең түсіндіреді деп нық қортындылады.

Кабинеттен шығып, Алимхан Абеуұлы екеуіміз, сол кездегі Ленин көшесімен келе жатырмыз. Ол кісі осы көше бойындағы үйде тұрады екен. Алғаш кездесуден ақ өзінің жылу шырайымен, жұмсақ дауыс ырғағымен, ұлағатты әңгімесімен мені бірден бауырына тартып алды, үйіне кіргізіп, шәй ішкізді. Савет сенде ешқандай қорқыныш болмасын, менің де жас кезімде, Ташкенттің Қазақ жоғары педагогикалық институтына оқытушы ретінде тағайындалғанымда осындай сезімді басымнан кешіргенмін. Мемлекеттік Комиссияның төрағасы, факультеттің деканы саған сенгендіктен осындай қортындыға келіп, шешім шығарып отыр ғой деп, менің көңілімнің қобалжуын орнына келтіргендей сезіндім.

Үйден шығысымен, мені Қарағанды политехникалық институтының «Жоғары математика» кафедрасы орналасқан төртінші корпусына алып барды.

Осы кезеңде кафедра меңгерушісі қызметін атқарушы Гриншпун Зиновий Соломонович екен. Ол кісімен мені таныстырып, осы жас маман менің жолымды жалғастыруға ылайық азамат, мен болсам демалысқа шығатын мезгілім келді деген ұсынысын баяндады. Одан кейін 401 аудиторияда сабағы бар екен, уақытың болса, қатысуыңа болады деген соң мен де барып лекциясын тыңдадым. Әлі есімде, лекция тақырыбы: Дифференциальные уравнения и их приложения.

Лекция оқу манері, дауыс ырғағы, ұқыпты жазылған формулалары маған ерекше әсер қалдыры.

Ұстаз-педагог А.Ермековтың педагогикалық даму жолына көңіл аударайық:

1921-1924 жылдары Қарқаралыда екі сатылы мектеп, педагогикалық техникумның негізін қалаушы, директоры және математика мұғалімі,

1924-1926 жылдары Семейдің педагогикалық техникумында сабақ береді,

1926-1928 жылдары Ташкенттегі Қазақ жоғары педагогикалық институтының оқытушысы,

1928-1930 жылдары КазГУ-де және Алматы пединститутында математика доценті,

1930-1935 жылдары Алматы ветеринар-зоотехника институтында сабақ береді, 1935 жылы математика және теориялық механика профессоры дәрежесін алады,

1935-1937 жылдары Алматының тау-металлургия институтының жалпытехникалық факультетінің деканы,

1937 жылы Куйбышев жоспарлау институтының математика кафедрасының меңгерушісі.

1947 жылы өмірінің қиын жолдарынан босанып, Шымкенттің құрылыс материалдары технологиясы институтында математика және физика кафедрасының меңгерушісі болып еңбек етеді,

1955 жылы екінші рет қиын жолынан босанып, демалысқа шыққанға дейін Қарағандыдағы тау-кен институтында (КарМТУ) педагогикалық жолын аяқтайды.

1930 жылдардан бастап математика бойынша қазақ тіліндегі оқу құралдарын дайындауға белсене қатысады.

Алимхан Абеуұлының жоғары математикадан оқыған соңғы лекциясын тыңдаған жас маман ретінде, өзінің құрметті демалысқа шығуы алдындағы ұзақ уақыт аралығындағы педагогикалық жолдарындағы сапалы да, тармақты жолдарын бүгінгі күнге дейін жалғастырып келе жатқан оқушысы ретінде де, өзіме тапсырып айтқан тілектері мен сенімдерінің біразын орындаған шығармын деп ойлаймын.

Профессор Ермеков А.А. еңбек еткен, кәзіргі кездегі қабырғасы қатайған, еліміз бен шетелдерге де әйгілі болған Қарағандының Еңбек Қызыл Ту Орденді техникалық университетінің «Жоғары математика» кафедрасында ассистенттіктен бастап, профессор, кафедра меңгерушісіне дейін 52 жылдай жалпы еңбек жолын өткіздім. Кәзіргі таңда ұстаздың педагогтық жолын Нұр-Сұлтандағы ҚазЭҚЖХС университетінің профессоры ретінде еңбек етіп, жоғары оқу орындарындағы ұстаздық стажым жалпы 64 жылдай болып, ғалым атамыздың салған жолдары мен тілегін жалғастырудамын.

Математиканы меңгеріп, оның оқыту тәсілдерін өзінің «Жоғары математика» оқулығы арқылы келесі ұрпаққа аманат етіп тастап кеткен ұлағатты ұстазымның құрметіне, математиканың маңыздылығы мен мүмкіндігі туралы айтылған келесі өлең жолдарымды арнаймын.

МАТЕМАТИКА -- АТА ҒЫЛЫМ

Шыдамды бол, оқи түс, шыда тағы,
Математика шыдамдыны ұнатады.
Дәлелсіз шалыс бассаң « құлатады»,
Жазықтыққа компланар « сұлатады».
Моделін, шешулерін таба алмасаң
Кеуденді намыс кернеп «жылатады».

Игерсең шыдамдықпен қыр мен сырын,
Жас баладай мәпелеп уатады.
Көптен күткен шешулер келген кезде,
Ләззат беріп жаныңды жұбатады.

Ғылымдарға тірек болып, қуат беріп,
Кеңістікке әсерін мол ұзатады...
Сондықтан «Ғылымдардың патшасы деп»
Силаған бүкіл әлем бұл АТАНЫ.

Профессор Ермеков А.А. салып кеткен жолдары арқылы, педагог деген ардақты атты жоғары ұстау үшін, әрине әділдік, халыққа қызмет ету, парасаттылық, адамгершілік, жалпы имандылық, рухани байлық сияқты адами қасиеттерді игере білу керектігін болашақ ұрпаққа жеткізіп отыруымыз міндет.

Алимхан Абеуұлының мінезге бай, ұлық та, кішік те бола алатынын көзіммен көріп, жүрегіммен сезіндім. Қарапайымдылығы мен адалдығы, әділділігі мен ұстамдылығы, өмір талқыларына шыдамдылығы және ойшылдығы сияқты құндылықтарды өмірінің берік арқауы етіп ұтауы, ұлағатты Ұстаз, математик – педагог, ғалым екенінің айғақтары.

Бүгінгі күні, 130 жылдық туған күнінде еске алып отырған Алимхан Абеуұлы, өзінің отаны мен еліне деген аянбай жасаған еңбектері арқылы, жомарт жүрегінің шуағын болашақ ұрпақтың айналасына шашып кеткен ұлы тұлға болып, есте сақталады.

Кыдыралина Ж.У.
директор Института Ассамблеи народа Казахстана
Атырауского университета им. Х. Досмухамедова,
доктор исторических наук, профессор,
член рабочей группы Государственной комиссии
по полной реабилитации жертв политических репрессий
г. Атырау

АЛИМХАН ЕРМЕКОВ: ЛИЧНОСТЬ И ЭПОХА В ЗЕРКАЛЕ МОДЕРНИЗАЦИИ

Символично, что 130-летие со дня рождения одного из выдающихся деятелей Алашского движения Алимхана Ермекова проходит в год 30-летия Независимости Казахстана. Обретение свободы и независимости было сокровенной мечтой многих поколений казахского народа. Осмысление сущности и ценности нашего суверенного развития, как справедливо отмечено и в статье Главы государства «Независимость превыше всего», должно опираться на глубокое знание истории своей Родины. Если окинуть взором историю прошлого века, то можно увидеть непрерывную борьбу казахского народа за создание самостоятельного национального государства.

Первая половина XX века оказалась «спрессованным» временем, за которое в течение жизни одного поколения произошли переломные события, как в судьбе отдельных личностей и семей, так и в судьбе нации в целом. Один только голод 1932-1933 годов унес половину численности казахов. По некоторым оценкам, миллион и больше казахов были вынуждены уйти в чужие страны. Причины сегодняшних противоречий, негативного наследия прошлого в менталитете и сознании людей позволяет понять тот период жизни народа, когда его пропускали сквозь политические, культурные, идеологические жернова, когда у него пытались отнять историческую память и прервать связь поколений.

Нельзя не отметить и символичность другого важного шага, предпринятого ныне руководством страны для восстановления исторической справедливости и воздания дани немеркнувшей памяти безвинным жертвам политического террора XX в. В соответствии с Указом Президента страны о Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий в республике начата масштабная работа по выявлению и изучению в архивах материалов по истории репрессий, возвращению из забвения десятков тысяч имен еще не реабилитированных лиц, раскрытию драматических и трагических страниц прошлого, когда наши предшествующие поколения находились под пятой тоталитарного режима, а также реализация комплекса мероприятий по увековечению памяти тех, кто незаслуженно поплатился своими жизнями.

Сегодня возникает вопрос, в чем причина живучести нации и сохранения себя в жерновах и тисках системы, условиях общенародной катастрофы? В первую очередь, приходит мысль о высоком национальном духе народа. В

начале XX века понятие «Алаш», имеющее древние истоки, превратилось благодаря усилиям национальной интеллигенции в объединительную освободительную идею. Казахские интеллектуалы подняли смысл термина «Алаш» как изначально родового клича до уровня государственной идеи. Алаш – исторический термин, происходящий, по различным версиям, от имени мифического прародителя казахов и других древних тюркских родов Алаша-хана. Искони этот термин был базовым понятием этнического единства, общеказахским девизом (ураном) и боевым кличем.

Появление движения, первой политической казахской партии Алаш и правительства Алаш Орды было не случайным явлением. Это был закономерный этап в многовековой борьбе казахского народа за независимость. Выдвижению Алашскими лидерами идеи об образовании государства казахов способствовало получение рядом из них юридического образования в передовых российских вузах. Бывшие деятели Алаш и представители казахской управленческой элиты, научной и творческой интеллигенции заложили фундамент казахской государственности. Они приняли активное участие в процессе определения границ и воссоединения казахских земель, прилагали все усилия для обеспечения целостности казахской территории.

Имена Алихана Букейханова, Алимхана Ермекова, Миржакыпа Дулатова, Ахмета Байтурсынова и многих других патриотов, политических и государственных деятелей в истории народа, напоминают о себе и нам, современникам, в период осуществляемой в Казахстане экономической, политической и духовной модернизации. Информационные поводы в связи с 100-летием образования казахской советской государственности, а также с некоторыми высказываниями отдельных российских политиков о государственности и территориальных границах Казахстана, заставили нас вспомнить самоотверженность и особые заслуги алашордынцев и других представителей казахской управленческой элиты в отстаивании национальных интересов.

Эти имена немеркнущих образов и символов национальной истории, выдающихся личностей своего времени, напоминают о себе, когда по поручению руководства страны ведущие ученые-историки занимаются подготовкой многотомного академического издания по истории Казахстана, краткой истории Казахстана для иностранной аудитории, базового учебника на трех языках, написанных с новых теоретико-методологических позиций, с позиции национальных интересов независимого Казахстана.

Сегодня мы воздаем дань безмерного уважения и памяти яркой личности, выдающемуся государственному, политическому и общественному деятелю, активно участвовавшему в создании Казахской автономной советской республики и воссоединении казахских земель, одному из лидеров Алашского движения и партии Алаш, члену правительства Алаш Орды, талантливому педагогу и ученому, первому казахскому профессору математики Алимхану Абеуовичу Ермекову.

Алимхан Ермеков (1891-1970 гг.). - уроженец Каркаралинского уезда Семипалатинской губернии (ныне – Актогайский район Карагандинской

области), выходец из средне-состоятельной семьи (отец и дед его в разное время были волостными правителями), был в когорте блестяще образованных и закончивших с золотой медалью учебные заведения России. Еще в стенах Томского технологического института к студенту А. Ермекову пришло четкое осознание своего гражданского долга и предназначения. А. Ермеков в 1917 году ушел с пятого курса института, уехал в Семипалатинск, где сблизился с Алиханом Букейхановым.

Алимхан Ермеков был одним из самых молодых, деятельных и энергичных представителей Алашского движения. Именно ему самые старшие, идейные руководители движения А. Букейханов и А. Байтурсинов доверили высокую миссию отстаивания государственных интересов. Еще 19-21 марта 1918 года по поручению А. Букейханова в разговоре по прямому телеграфу с Лениным и Сталиным в Москве А. Ермеков и Х. Габбасов поставили перед большевиками главный вопрос о признании целостности Казахской территории и создании автономии. А весной-летом 1920 года, будучи членом Киргизского ЦИК (Центрального исполнительного комитета), Алимхан Ермеков делегировался в Москву. Он выступал с докладом «О положении Казахского края вообще, и по вопросу о границах, в особенности» перед В.И. Лениным, который поддержал его. Именно тогда, в процессе четырехмесячной кропотливой работы, вопреки мнениям многих других чиновников центрального аппарата, Алимхан Ермеков добился возвращения Казахстану очень важных территорий. Среди этих территорий особо следует отметить побережье Каспия, Акмолинскую и Семипалатинскую области. Сегодня нашему государству это обеспечивает выход к Каспию и владение запасами нефти и газа, с которыми в значительной мере связывается экономическое и политическое будущее суверенного Казахстана. В Акмолинской области располагается новая столица нашего государства.

Значительным и успешным результатам деятельности Алимхана Ермекова способствовали глубокое знание им вопросов права, истории этноса, экономической географии, редкое умение, несмотря на сравнительно молодой возраст (29 лет), убеждать оппонентов. В свое время талантливый поэт С. Торайгыров так охарактеризовал Алимхана Ермекова в своей поэме-посвящении лидерам Алаш: «Молодой Ермеков хваток и прозорлив, как быстролетный и зоркий сокол...».

Авторитет А. Ермекова среди народа и его лидеров был высок и признан. Изучение автором архивно-следственных дел в государственных архивах и архивах спецорганов РК и РФ, в частности, Спецгосархиве КНБ РК, ГАРФ, показывает, что на следствиях по делу алашордынцев многие отмечали, что «все алашординцы очень уважают Ермекова, и он является среди них очень влиятельным лицом, пользующимся большим доверием среди национальных деятелей. На вопрос, кто из населения больше любит Ермекова – бедняки, середняки или баи – они заявляли, что - всё казахское население».

Алимхан Ермеков достойно вынес все испытания судьбы, сохранив жизненную стойкость и человеческое благородство. По ложным обвинениям в «контрреволюционной деятельности» он находился сначала два года под

следствием во внутренней тюрьме НКВД КССР, затем, в 1938 г., был приговорен к длительному лагерному заключению. В 1947 г., отбыв 9 лет в Енисейлаге, что в г. Канске Красноярского края, вернулся в Казахстан, но 4 декабря 1948 г. был вновь арестован. И еще 7 лет пришлось ему провести за колючей проволокой в городах Воркуте Коми АССР и Тайшете Иркутской области. Лишь в 1955 г. А. Ермаков был досрочно освобожден. Всего А. Ермаков находился под следствием и в заключении на протяжении восемнадцати лет. Однако и после официальной реабилитации в 1955-1957 гг. его имя долгое время было под запретом.

Алашские лидеры дают примеры нравственности, высоких порывов служения Отечеству, самопожертвования во благо народа. Алимхан Ермаков в числе других лидеров Алашской интеллигенции предостерегал о пагубных последствиях курса насильственной и ускоренной коллективизации. Он использовал средства печати для отстаивания национальных интересов. Рупором общественного мнения казахского народа выступала общенациональная газета «Казах», издававшаяся с 1913 г. в Оренбурге. Алимхан Абеуович печатал на ее страницах статьи об учебе казахских студентов в вузах Томска, оценивал эту национальную газету, печатный орган алашордынцев, как самую яркую и передовую газету своего времени, наподобие «Русских ведомостей».

Имя Алимхана Ермакова, как и имена других Алашских деятелей, сегодня вновь напоминают о себе, когда в стране по инициативе Лидера Нации Н.А. Назарбаева осуществляется программа «Новое гуманитарное знание. 100 учебников на казахском языке», реализуются задачи по переводу казахской графики на латиницу. Алимхан Ермаков издал в 1935 г. на казахском языке (на латинской графике) учебник для вузов по высшей математике, а также словарь математических терминов. В те же годы другой выпускник Томского технологического Каныш Имантаевич Сатпаев написал на латинской графике учебник математики, вскоре ему пришлось переводить его на кириллицу. В кратчайшие сроки казахские интеллектуалы, заботясь об образовании на родном языке и развитии казахского языка, могли приспособить национальные потребности к изменяющимся условиям.

Алимхан Ермаков внес значительный вклад в развитие вузовского образования и науки как незаурядный ученый-организатор и яркий педагог. Он работал в 1917-1938, 1947-1948, 1955-1958 годах в различных вузах республики и страны: во вновь открывшихся - Казахском высшем педагогическом институте в Ташкенте, в Казахском государственном университете, а затем и в Казахском педагогическом институте, ветеринарно-зоотехническом, горно-металлургическом институтах в г. Алма-Ате, Куйбышевском плановом институте, Чимкентском технологическом институте строительных материалов, в последние годы - Карагандинском горном (позднее - политехническом) институте.

Жизнь и многогранная деятельность А.А. Ермакова, как и других лидеров Алаш Орды и видных исторических личностей Казахстана, еще нуждается в тщательном изучении. Нам, историкам, еще не все известно о тех заметных следах в истории, которые оставили эти политические деятели, в борьбе за отстаивание чести и достоинства, будущего нации, в частности, предстоит

пролить свет и подробно осветить деятельность Алимхана Ермекова в среде сибирского областнического движения, его переговоры с разными правительствами, его деятельное участие как организатора высшей школы Казахстана в создании первых вузов страны. Изучая сегодня как член рабочей группы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий недоступные для большинства исследователей архивные документы государственных архивов и архивов спецорганов, в том числе пока закрытых фондов, находишь много безвестных пока имен участников Алашского движения на местах и лиц, обвиненных в причастности к Алаш Орде. Эти материалы необходимо тщательно изучить для восстановления исторической справедливости в отношении безвинных жертв беззакония и насильственных акций политической системы. В этом заключается благородная, человеческая и ответственная миссия нынешних поколений.

Вся жизнь и деятельность Алимхана Ермекова - наглядный и достойный пример для нас, современников, в достижении вершин профессионализма и мастерства, к чему должны стремиться каждый в своем деле, долга и ответственности перед народом и страной. Алашские деятели более 100 лет назад мечтали видеть народ и страну в ряду передовых наций мира, таких, к примеру, как Япония, потому неслучайно на следствиях им были предъявлены и надуманные обвинения в японском шпионаже.

Успех модернизации Казахстана и строительства подлинно конкурентоспособного, развитого демократического, правового, светского и социального государства будет зависеть от каждого гражданина, его жизненной позиции и отношения к обществу. Великие личности поколения Алаш, которые были светочами для своей нации, оставили свой вечный след в истории, как немеркнущих символов высокого человеческого духа и служения Отечеству.

Өскембаев Қ.С.
Қазақстан Республикасы, Еуразия гуманитарлық институтының
профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты
Нұр-Сұлтан қ.

МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІН ОЙЛАҒАН ҚАЗАҚТАР – Ә. ЕРМЕКОВ

Жер – елдіктің белгісі, ол халық бірлігінің, оның тұтастығының көрінісі. Жерсіз ел болмайды. Жерден айырылу елден, елдігінен айырылу деген ұғыммен бірдей екенін бәріміз жақсы білеміз. Тақырыпты «Ә. Ермаков және Қазақ елі шекарасын қайта қалыптастыру мәселесі» деп алғанымыз, ол да түсінікті жағдай. Өйткені біздің бүгінгі шекарамыз тура 100 жыл бұрын, сол өткен ғасырдың 20 жылдарында қайта қалыптасып егемендік алғанда **заңдастырылды ғой**. Ал 1920 ж-ғы шекара біздің бабаларымыз көне заманнан қоныстанған жерлердің негізінде сызылып, РКФСР құрамындағы **әкімшілік-аумақтық шекара** болып анықталды. Әрине бұл жерде ұтылғанымызда көп. Осы жауапты жұмыстың алғашқы ізін салғандар қатарында Алаш партиясының көрнекті қайраткерлерінің болғаны белгілі.

Ә. Бөкейханның биыл туғанына 155 ж., А. Байтұрсыновқа 2022 ж. туғанына 150 ж. толайын деп отыр, ал Ә. Ермаковке биыл 130 ж. толса, қазақ арасынын алғаш шыққан заңгер Ж. Ақбайұлына 145 жыл толып отыр және т.б. Осы ұлыларымыздың мерейтойларын тойлау, өшпес істерін ұлықтау неге керек: 1-ден, осы іс-шаралар барысында «Алаш» тұжырымын (концепциясын) анықтап, ашып алу, ұлы тұлғалардың ерлік істерін дәріптеу. 2-ден, «Алаш» ардақтылары алдындағы тікелей міндеттерімізді өтеу, «Аруақтарға» тағзым ету, 3-ден, Бұл іс-шаралар «Қазақ мемлекеттілігі», «Мәңгілік ел», «Ұлы дала» идеясын жандандыра беру үшін керек. 4-ден, ұлт қайраткерлерінің еңбектерін паш ету, жариялау болашақ істерге мұрындық болады деп сенеміз.

Қазақ зиялыларының еліміздің шекарасын қалыптастырып, анықтаудағы еңбектеріне тоқталғанда зерттеуші С.Х.Аққұлы Ә. Бөкейханның болашақ Қазақ Автономия мәселесін өзінің еңбектерінде **сонау 1910 ж. ашық көтере бастағанын, қай облыстардың оған енетінін көрсетіп жазғанын айтады**. Жалпы Ә. Бөкейханның 1896-1901 жж. Щербина басқарған статистикалық, 1903-1904 жж. Швецов басқарған статистикалық-экономикалық зерттеу экспедицияларында болып, қазақтардың өмірін, шаруашылығын, әсіресе Сібір темір жолдарына жақын жерлердегі жағдайлармен өте жақын таныс болғанын ғылыми еңбектерінен жақсы білеміз. Мысалы оның «**Қазақтар**» деген очеркінде облыстардағы **қазақтардың саны, басқа ұлт өкілдерінің пайыздық құрамы көрсетіледі**. Ал одан кейінгі онжылдықта тікелей Бөкейханның ұсынысымен Алаштықтар көптеген картографиялық, этнографиялық, ізденушілік, іс-қағаздық, дипломатиялық жұмыстар жүргізді. Олардың нәтижелері сол кездегі биресми баспаларда да жарыққа шығып жатты. Әрине бұл жұмыстардың ізгі нәтижесін болашақ Қазақ шекарасын анықтауға қатысқандар басшылыққа алып, сабырлықпен өз мүдделері үшін пайдалана алды.

1918-1919 жылдары Азамат соғысының кеңестердің пайдасына шешіле бастағанын нақты айта кеткеніміз жөн. Кеңестерге қарсы шығуда қазақ халқы үлкен орны толмас шығынға ұшырайтынына Алаштықтар ешқандай күмән келтірмеді. Кеңес өкіметінің қауқарына алашорданың шамасы жетпейтініне көзі жеткен Ә. Бөкейхан және т.б. осы жылдары енді болашақ Қазақ кеңестік автономиясын мойындату туралы Кеңес үкіметімен келіссөздер жүргізе бастады. Сонымен бірге жан-жаққа адамдар жіберіп Республиканың шекарасын құжат негізінде бекітетін деректер жинауға кірісті. Сөйтіп қайнаған Азамат соғысы жүріп, күйреп жатқан қоғамда, болашақ шекараны растау үшін Бөкейхан тобы осындай маңызды жұмыстар жүргізді.

Алғашқы кеңестік жүйедегі бірлік, **Қырревком** құрылған күнінен Кеңестердің Құрылтай съезінің жұмысы басталғанға дейін, 15 айдағы(1919 жылғы 10 шілдеден 1920 жылғы 10 қазанға дейін) қызметінің ерекшелігі Қазақстан мен Түркістандағы ағымдағы мәселелерді шешумен байланысты. Осыған сәйкес Қырревкомның «Уақытша Ережесі» жасалды. Осы Ереженің үшінші параграфінде *«Қазақ өлкесінің аумағын анықтағанға дейін Түркістан республикасымен, Қазақ съезімен және орталық Кеңес үкіметімен келісе отырып, ревкомның қарауына Астрахан губерниясындағы қазақ аумақтары және мына облыстар: Орал, Торғай, Ақмола және Семей кіреді»* [1,125]. - деп көрсетілді. Дәл осы оқиға, қазақтың өзінің жерін өзіне қимаған көршілеріміз, үлкен даулар туғыза бастады.

Мұнда қазақ жерлері біршама, түгел қамтылмағанымен оның көпшілік аумағы, соның ішінде Астрахан губерниясындағы қазақ аумақтарының Қырревкомның қарамағына берілуінің маңызы өте зор болды. Өкінішке орай, Астрахан губерниясындағы таза қазақтар тұратын елді мекендер Қазақстан құрамына толығымен өте алмай қалды. Басында дұрыс қойылған мәселе соңына қарай түбегейлі шешімін таппады.

Бүкілодақтық атқару комитеті төралқасының 1919 жылғы 27 тамыздағы қаулысымен Торғай облысының **Қостанай уезі Челябинск губерниясына беріліп** кетті. Бұл жерлерде мекен етіп жатқан жергілікті тұрғындардың тұрмыс-салт ерекшеліктерін ешкім елеп жатпады. Мұндай қысастықты қазақтар тіпті патша өкіметінің тұсында көрмеген-ді. Сондықтан халық қатты ашынды. Жер-жерге арыздар, өтініштер, талап-тілектер қардай жауды. Қырревком өз тұрғысында қазақ жерлерін қайтарып алу барысында біршама әрекеттер жасады. Соның ішінде Қырревкомның алғашқы шешуші табыстарының бірі Қостанай уезін Ресей Федерациясының Челябинск губерниясының құрамынан қайта бөліп алып, Қазақстан құрамында сақтап қалуға қол жеткізуі болды. Бұған А. Байтұрсыновтың жазған саяси наразылығы да өз нәтижесін берді. Бұл оқиғалар шекара үшін болған алғашқы тартыс еді және де бұл, осы іспен болашақта айналысатындар үшін үлкен сабақ болды.

Қырревком жұмысы барысында Еділ-Каспий өңіріндегі уездердің де Қазақстанға қосылуы оңай болған жоқ. ҚР ОМА-дегі №14 «Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқаратын Уақытша революциялық комитеті» және №5 «Қырғыз (Қазақ) АКСР-і Орталық Атқару Комитеті» қорларындағы құжаттар осы мәселелерді ашып көрсетеді. Онда қазан төңкерісінен кейін Астрахань, Краснояр және

Янатовский уездерінің жергілікті тұрғындары Еділ-Каспий қазақ әкімшілігіне қосыла алмай әуре-сарсаңға түскені, әсіресе солшыл, ұлтшылдыққа ұрынған Орал облысының большевиктік басшылығы осы облысты Қазақстаннан бөліп алып, РКФСР құрамына қосып жіберу үшін қатты әрекет жасағаны кең түрде көрсетіледі. Қазақ жерлерінің тұтастығына қарсы жасалған бұл әрекет те сәтсіз аяқталды. Жергілікті шовинист большевиктердің бұл әрекетін Мәскеудің өзі де қолдамады.

Сол күндері Қырревкомның атқарған күрделі істері. **1-ден**, Жалпы Қазақстан Кеңестерінің құрылтай съезін өткізуге дайындық жұмыстарын жүргізу. **2-ден** Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы жобаның жасау. **3-ден** Қазақ өлкесінің территориясы мен шекарасын анықтау мәселесі болды.

Осы **3-ші мәселеге байланысты**, Қазақ өлкесінің территориясы мен шекарасын анықталуына РКФСР Ұлт істері Халық Комиссариаты мен Қырревкомның кейбір мүшелерінің өзі «Қазақ өлкесінің шекарасын» анықтау барысында өздерінің ерекше пікірлерін білдірді. Олар қазақтың байырғы жерлерін бір ғана Қырғыз (Қазақ) Автономиясына беру мүмкін еместігін, бұлай істеу тек буржуазиялық ұлтшылдардың күшеюі мен билігінің кеңеюіне әкеп соғатынын ескертті. Сондықтан, **бұл авторлар Қазақ республикасынан Орал облысының Гурьев, Лбищенск және Орал уездерін, Торғай облысынан Қостанай уезін, Ақмола облысының Петропавл, Омбы, Көкшетау уездерін мүлдем шығарып тастауды ұсынды.**

Қарсы шығушылардың ішінде тіпті Түрік комиссиясының өкілі болған Сафаров: «...Қазақ автономиясын құруға және оның аумағын белгілеуге әлі ерте» екенін айтты. Бұл пікірді Ресей субъектілері, Алтай құрамалары, Астрахань, Сібір өкілдері қолдады. Тіпті Қырревкомның төрағасы Пестковскийдің өзі солқылдақтық танытып: «Қазақстанда өзгелер сияқты ұлттық автономия құруға болмайды. Тек аумақтық принципті ұстану ғана ақылға сияды» - деген ойларын қосты. Сафаров: «Орынборда отырып, Жетісу мен Сырдарияны басқарамын деу – мазақ қана емес, арандату. Мұндай саясат-ұлттық утопия» - деп ойын жалғастырды [2, 79].

Осы жерде біз мына мәселеге байланысты нақты тоқталып, шегініс жасауымыз керек. Қалай дегенмен 1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынборда болып өткен 2-ші Жалпы қазақ съезінің қаулысында көрсетілгендей қазақтар мекендейтін жерлерді қосып, «Алаш» территориясына біріктіру туралы мәселе өте маңызды болды. Съездің «Алаш» автономиясы құрамына: *«Бөкей Ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстарының, Ферғана, Самарқан, Амударья қазақ уездерінің және Закаспий облысының Маңғышлақ уезі мен Алтай губерниясының қазақтар мекендеген аудандары енуге тиісі. Тегі бір, мәдениеті, тарихы бір және тілі бір қазақ-қырғыз халқы басым тұтас аумағынан территориялық автономия құрылсын»* [3, 453; 4, 121] - деген шешімі болашақ шекараны қайта қалпына келтіруде Алаштың азаматтарына жолкөрсетушісіндей болды десек қателеспейміз. Кейін РКФСР құрамындағы Қырғыз (Қазақ) АКСР-інің әкімшілік-аумақтық шекарасы болып анықтала бастағанда осылар ескерілді. Ең бастысы осы жауапты жұмыстың алғашқы ізін

салғандар қатарында әрине, сол Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің болғаны бізге Алланың берген сыйы деп қабылдағанымыз дұрыс. Сол тұлғалар 1917 жылғы ұлттық автономия құрудағы тәжірибеге сүйеніп, қысқа ғана мерзімде, ең алдымен, Қазақстанның аумақтық тұтастығын, тарихи-этнографиялық тұрғыдан түгендеп берді және оны бір тудың астына біріктіруге нақты қадамдар жасады. Бұл аса қиын да күрделі мәселені шешу үстінде алаш қайраткерлерінен А.Байтұрсынов, Ә.Ермеков, У.Танашев, А.Тұрлыбаев, Ғ.Тәжібаев, М.Көкебаев т.б. ұлт мүддесі үшін, бар жан-тәндерімен жұмыс істегенін біздер білеміз.

Айта кетуіміз керек, *бірінші*, Қазревкомға алашшыларды енгізумен большевиктерге қазақ халқының елеулі бөлігін өз жағына қарай «тартып әкетудің» және осылайша ұлтшыл-автономияшыларды әлсіретудің; *екінші*, Қазақ және Түркістан автономиялары өмір сүруінің мүмкін еместігін көрсетудің сәті түсті. Ал ымыраға келуге мәжбүр болған Алашорда көрнекті қайраткерлерінің мүдделілігі мынадай себептермен түсіндірілді: *біріншіден*, 1918 жылы ақпанда Түркістан (Қоқан) автономиясы жойылды; оның орнына 1918 жылы көктемде Түркістан АКСР құрылды, оған қазақтардың Жетісу және Сырдария облыстары кірді; *екіншіден*, ақтар қозғалысымен болған одақ өзін ақтамады, одақтастардан көңілі қалу А.Байтұрсыновты қызылдар лагеріне әкелді. Большевиктермен ынтымақтасу болмай қоймайтын еді.

Осы себеппен Алаш қозғалысының көшбасшылары қазақ өлкесінің бірлігін сақтау мақсатымен өлкелік органға кіруге келісімдерін берді және кеңестік қазақ автономиясын дайындауға және құруға көмектесе бастады. Ал кеңестік негізде құрылған Қырғыз (Қазақ) АКСР-ы, одан кейінгі Қазақ КСР-да қағаз жүзінде егеменді деп аталғанымен, іс жүзінде орталықтың толық бақылауында болып, ұлттық мүддеден гөрі орталықтың мүддесіне сай саясат жүргізілді. Сөйтіп, қазақтардың санасына мемлекетсіздік идеясы бірте-бірте сіңіріліп, мемлекеттілікті **Ресейдің әкелгендігі** сияқты жалған қағида бірте-бірте қалыптаса бастады. Бір өкінішті жағдай, осы қағида бүгінге дейін әуеде қалқып, үнемі көтеріле береді. Неге? Өйткені бүгінгі Ресей мен тәуелсіздікті осыдан отыз жыл бұрын толық қанжығамызға алған Қазақстанда да арзан бедел жинағысы келетіндердің болуы, одан қалса әлі де империялық бағыттан, шовенистік пиғылдан арыла қоймағандардың іс-әрекеттерінен көрінеді.

1919 жылы Қырревкомнан кейін **17 тамызда құрылған** Сібір өлкесін басқару үшін орталығы Омбы қаласы болып белгіленген **Сібір революциялық комитеті** айналасындағы Орта жүздің аумағына кіретін қазақ жерлерін өздеріне қосып алуды ойлады. Бұл мәселе әңгімеміздің арқауы болып отырған **Ә. Ермековтің естелігінде**: «...-ол жерлер атап айтсақ *Ақмола облысы және оған енетін Көкшетау, Атбасар, Петропавл және Омбы уездерін*, сонымен қатар *Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан және Қарқаралы уездері бар Семей облысын* қосып алу ойларында болды. *Торғай облысының көпшілік жерін* Орынбор мен Челябинск басшылары өзара өз пайдаларына шешіп қойды. Ал Астрахандық басшылар болса *Орал, Атырау, Маңғыстау* облыстарын Ресейдің құрамына қосуға асығып жатты. Оңтүстіктегі жағдай да мәз емес еді. Егер Түркістан мемлекеті құрылған жағдайда онда қазіргі Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары Түркістан мемлекетінің, бір сөзбен айтқанда

Өзбекстанның территориясында қалып қоятын еді...» дейді. Осы мәселені Ә. Ермаков арнайы шақырылған қонақ билетімен қатысқан 1920 жылғы 4-12 қазанда Орынбор қаласында өткен Қазақ АКСР Кеңестерінің құрылтай съезінде Ревкомның қызметіне байланысты жарыссөзде де атап өтеді [5]. Бұл арада осы жағдайларды айтып отырғанымыз, Қазақ АКСР-нің әкімшілік болсада 1920 жылдарда қалыптасқан шекарасының қандай қиын жағдайда жаңа құрылымның маңайына топтастырылуы еді.

Қазревком басшылары С.Пестковский, М.Мырзағалиев, Г.Кулаков, Ә.Жангелдин, А.Байтұрсынов, Г.Әлібековтер Сібревкомның бұл пікірлеріне өз қарсылықтарын білдірді. Бұл туралы Сібревкомның өкілі **Соколов В.Н.** (27.01(8.02).1874, Кострома – 25.1.1959, Мәскеу) - Ленин туралы жарияланған «Халықтар достығы» деген естеліктері бізге белгілі. Автор – кәсіби революционер. Өз заманының оқыған, революцияға шын берілген большевиктердің бірі. 1905-1906 жж. РСДЖП Орталық Комитетінің жасырын баспаханасын басқарған адам. Революциядан кейін В.Н. Соколов Сібірде жұмыс істеді, Сібревкомның мүшесі болды. Оның В.И.Ленинмен кездесулер туралы естеліктері осы кезеңге жатады [6]. Оның естелігінде 1920 жылғы тамыз (9-10 тамыз) айындағы Лениннің төрағалығымен болған БОАК барлық отырыстарында мүдделі топтардың тартыстары айтылады. Естелікте қазақ делегациясының кейбір өкілдерінің аты-жөндері көрсетілген: Мысалы, қазақ емес Кантаров пен Галим Тажибаевтың аттары. Мысалы Кантаров туралы: «... -Кантаров – не казах. Но он известен своим проектом, предусматривающим принудительное выселение из Казахстана всех русских насельников...» немесе екінші қазақ делегаты жайлы «...-Это Галим Тажибаев. Ленин оживленно приветствует их:

- Ага, вот и они - именинники наши! Здравствуйте! И скажите нам, пожалуйста, для начала: что хуже - казаки над вами, или вы над казаками? Галим Тажибаев чуть трогает малахай, оглядывает собрание и недоуменно разводит руками. Но, взглянув на Ленина, расцветает широкой улыбкой: - Не знай... Оба плохая! Я так думаю: зачем «над», зачем «под»? Вместе нада!» - дейтін жерлері бар. т.б.

Сібірліктердің **уәжі (дәлелі)** әуелі Ақмола мен Семей облыстары Қазақстанға берілген жағдайда жергілікті халық басқа ұлт өкілдерінің құқығына нұқсан келтіреді-міс, деген сылтауды алға таруы еді.

Алайда Лениннің « ...қазақтардың орыс кулактары мен кәсіпкерлеріне батрак болып жұмыстарға тым көп жсалдануының өсуі, ертең бұл аймақты, айталық, Сібірге бергенде, оларды әрі қарай қанауды ынталандыру және күшейту емес пе?» деп сұрақ қоюының өзі сол кездегі қазақтың жағдайынан, оның біршама хабардар болғанын байқаймыз. Қалай дегенмен Лениннің сол кездегі жағымды істерінің бірі, едәуір алауыздық жағдайында бірден-бір дұрыс жол табуға тырысуы еді. Ал **қазақ делегациясы** осы жерде даулы жер мәселесін, шекара белгілеуді құрылғалы тұрған Қырғыз (Қазақ) Республикасының пайдасына шешудің **қажеттілігін дәлеледеп бере алуы**. Әрине, бұл туралы бүгінге дейін қалам тартқан зерттеушілеріміз және әр-түрлі жағдайда жинақталған материалдар мен деректер де аз емес.

Соның біршамасы жоғарыда айтып өткен ҚР ОМА қорларындағы құжаттар. **Олар:** №14 «Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқаратын Уақытша революциялық комитеті», №5 «Қырғыз (Қазақ) АКСР-і Орталық Атқару Комитеті», №30 «Қазақ КСР Совнаркомы» т.б. қорлары. Бұл құжаттарды біздер мысал қылып айтып отырғанымыз, қазір зерттеушілердің көпшілігі сыртқы елдердегі архив құжаттарын іздейді. Біздің айтарымыз өз архивтеріміздегі құжаттар қаншалықты пайдаланылуда? Сол материалдар негізінде тақырыптарға сәйкес **құжаттар жинақтары** шығарылып, қолданысқа енгізілсе өте орынды болар еді.

Мысалы, бір ғана Ә. Ермаковтің өмірі мен қызметін, оның ішінде шекара ісімен айналасуы жайлы айтқанда, орталық архивтермен бірге, ол кезінде қызмет істеген облыс орталықтары мен арнайы мекемелердегі құжаттарға да назар аударғанымыз жөн. Олар: Қазақстан Республикасының Президенті архиві №140 БКП(б) «Қырғыз АКСР-ң облыстық бюросы», №811 «Қазақстан партия ұйымының тарихынан коллекция»; «Естеліктер» деп аталатын қорлары.

Шығыс Қазақстан облысының Жаңа тарих құжаттары орталығының (Семей қаласы) №72 «Семей губерниялық революциялық комитеті» қорынан Ә.Ермаковтің 1919-1920 жж. Семей губревкомындағы қызметін көрсететін құжаттар. Сонымен бірге, осы архивтің 72 - қорына ерекше тоқталуға болады. Қорда 380 іс бар. Қорда революциялық комитеттердің қызметі, шаруашылық өмірдің мәселелері, губерниядағы контрреволюциялық бас көтерулерімен күрес барысы баяндалады.

Қарағанды облысының мемлекеттік архивіндегі құжаттар. Оның ішінде белгілі өлкетанушы Ю.Г. Поповтың №1487 жеке қоры, одан қалса белгілі жазушы Жайық Бектұровтың қоры, сол кезеңдегі оқиғалардан көп мәлімет береді. Онда Ә.Ермаковке арналған жеке істе оның жастық шағы мен саяси-қоғамдық қызметіне байланысты мол деректер бар. Ермаковтің естеліктері осы зерттеушілердің қорларында да сақтаулы.

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті (қазір - ҚарТУ) мұрағатында сақталған №2767 «Ә.Ермаковтің жеке ісі» атты құжаттар жинағы. Іс оның қамаудан шығып, 1955-1961 жылдарда осы институтта ғылыми-оқытушылық қызмет жасаған жылдарынан мағлұматтар береді. Сонымен бірге осы қорда Ә.Ермаков өзінің толық ақталуын және профессорлық, ең болмаса доценттік атағын қайтарып алайын деп алғашында институттың ғылыми кеңесіне, ҚазКСР жоғарғы және орта, арнаулы оқу бөлімінің министрі К.Б.Біләловке, ҚазКСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Ж.А.Ташеновке, тіпті Кеңес Үкіметінің басшысы Н.С.Хрущевтің атына дейін жазған шағым-арыздары сақталған. Олардан да шекараға байланысты азды-көпті мәліметтер бар. Келесі Ә. Ермаков туралы мәліметтер – көрші Ресей мемлекетінің Мәскеу, Том, Куйбышев, Омбы қалаларының архивтеріндегі сақталған құжаттар жинақтары бүгінде біршама біздерге белгілі. Мысалы: Ресей Федерациясы мемлекеттік мұрағатының (алда-РФМА. Мәскеу қаласы) №1329 қорында 1920 жылы Семей губревкомының мүшесі Ә.Ермаковтің Кырревком мүшесі, әрі коллегия төрағасы болып сайланғаны көрсетіледі.

Әрине бұл жерде ҚР ҰҚКА-де ұмытпағанымыз абзал. Сөз жоқ ол архивтер біздеге толық жетпей отыр. Ермаковтің тұлғалығын, өмірі мен қызметін

зерттегенде міндетті түрде *Ә.Ермековтің ұлы Мағауия Ермековтің, қызы Раушан Ермекованың әкелері жайлы естеліктері, шәкірттері Қажы Нұрсұлтанов, Юрий Попов, Жалау Балғабаев, Әмірхан Ермековтің балалары Дәмештің, Аяужанның, қызметтес - сыйлас болған М.Сәрсекеев, Ж.Бектұров, Д.Шаймұханов, Ә.Жұмасұлтанов, Ш.Қашықов, Қ.Мәкенбаев, Н.Мағзұмов т.б. ағайын туыстарының еңбектері мен естеліктерін пайдаланған жөн.* Мысалы, Әлімхан ағамызбен тікелей араласқан Қ.Нұрсұлтанов пен Ю.Г.Попов Ермековтің Қарқаралы, Семей, Томдағы оқыған жылдарына шолу жасайды. В.И.Ленинмен болған 1920 жылғы кездесуін қолдағы бар бірлі-жарым деректерді, және оны Ә.Ермековтің өз естелігімен толықтырып, біраз мәліметтер береді. Сонымен бірге ғалым ағаларымыз М. Қойгелдиев, К. Нұрпейісовтің монографиялары мен мақалалары, жазушылар Т.Жұртбаев пен Д.Досжанның әдеби көркем туындылары, профессор Т.Кәкішұлы, зерттеуші Л.Кудерина т.б. мақалаларында Ә.Ермековке байланысты тың мәліметтер, естеліктерден үзінділер берілген. Бұл мәселелерді айтып отырғанымыз, жалпы Ә.Ермеков (т.б. белгілі тұлғалар) туралы жазғанда, тек ғылыми еңбектерге және архивтік деректерге ғана сүйенбей, сонымен бірге ол туралы, егер болса сол адамдардың немесе замандастардың естеліктерін кеңінен ескерген жөн.

Міне соның бірі, 1920 ж. шекарамыздың қайта айқындалуы туралы айтқанда Ермековтің 1966-1969 жж. жазған естеліктері міндетті түрде аталады. Сөз жоқ өз естелігін Ермеков арада *көп жылдардан кейін жазғанын еске алсақ*, маңызды мәселелер ескерілмегені және ұмытылып қалғаны сөзсіз. Бұл жайында естелікті бастамас бұрын ол ескерткен. Жалпы көп жағдайда сол заманның ауыртпалығын көрген Әлімхан ағамыз біраз мәселені ашып айта қоймағанға ұқсайды. Тек қайтыс болардың алдында, белгілі тұлғалардың өтінішімен естеліктерін айтып, жазуға келіскен екен.

Жайық Бектұров «Орталық Қазақстан» (1989 жыл 3 қыркүйек) газетінде жариялаған «Үш Әлекең» мақаласында: «...Ә.Ермеков ауызекі сөзге шешен болса да, қартая келгенде естелік жазуға зауқы соқпады» -дейді. Бұл естеліктің көшірмелері кезінде ұлы Мағауия Ермековтің, журналист-жазушы Нөгербек Мағзұмұлының жеке архивтерінде сақталды. Сонымен бірге інісі, Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі *Мүсілім Ермековтің, жазушы Ғ.Мүсіреповтің архивтерінде болды.* Алғаш осы естелікті 1960-шы жылдары жазып болғанда Ә.Ермеков, оны жазушы Ж.Бектұровқа бірінші нұсқасын оқып берген. Бірақ, бұл естелікті Алматы жарияламаған. Ғабит Мүсіріпов бұл жөнінде: «*Әзір жариялаудың реті келетін емес*» – деп жазған екен.

Бұл деректер әр түрлі ойларға жетелеп, тұжырымдар жасауға мүмкіндіктер береді. Әлімхан ағамыздың естеліктері және қосалқы деректер, бізге 1920 жылғы көктем және жазғы айлардағы оқиғалар желісінен, шекараға байланысты туындаған мәселелерден көптеген мәліметтер береді.

1920 ж. 19-сәуірде берілген жолдама Ермековтің Қырәскериревкомның қарамағындағы қызметкер екіндігін көрсетеді, сонымен бірге оған жолшыбай Омбы қаласында Сібрревком алдында «Семей губерниясындағы жалпы жағдай және Қырғыздар» жайлы баяндама оқу тапсырылған. Баяндама Сібір ревкомы құрамына қалып бара жатқан Семей губревкомын Қырревкомға қайта қосу туралы

мәселеге арналады. Кезек күттірмейтін бұл мәселені шешу үшін мамыр айының басында Ермеков Орынбор қаласына жетеді. Естелігінде осы жерде Семей мен Ақмоланың Қырревкомы құрамына қайтарылуы жөнінде баяндама жасағаны айтылады [7]. Ол кезде Орынбор «Қырәскериревкомның» және енді қаз тұрып ұйымдаса бастаған республиканың уақытша орталығы еді. Мұның алдында 4 маусым 1920 жылы Қырғыз әскери комитеті Орынбор губерниялық атқару комитетінің келісімімен Орынбор губерниясын Қазақстанға қосу туралы шешім қабылдаған болатын. Бұл шешім Орынбор қаласындағы жұмысшылар мен тәжірибелі кеңес мамандарын болашақ республиканың қызметіне араластыру. Тағы бір себеп, Орынбордан өтетін темір жолдың Қазақстанды Орал, Поволжье және Орталық Ресеймен экономикалық жағынан байланыстыруға қолайлылығы. Осы жағдайлар ескеріліп, 1920 жылы 7 шілдеде Орынбор мен Торғай губерниялары біріктіріліп, Қазақстанның құрамындағы бір губерния болып бекітілді [8].

Алдын-ала жоспарланған осы маңызды жұмыспен айналасуға облыстардан уәкілдер Орынбор қаласына шақырылғанда, Семей губревкомынан Ә.Ермековтен басқа Д.Сәрсенов, Б.Ахмедов, А.Бірімжановтардың болғанын көрсететін құжаттар да кездеседі [9].

Омбы және Орынбордағы оқылған баяндамалар Ә.Ермеков үшін үлкен сабақ болғаны рас. Ол **естеліктерінде** Омбы, Орынбор кейін Мәскеуде жасаған баяндамаларында ең алдымен, шекара белгілеуде үлкен маңызға ие болып отырған Қазақстандағы жер мәселесінің тығырыққа тіреліп тұрғандығына басты назар аударғанын көрсетеді. Кеңес үкіметінің құрылуы барысында және Лениннің көзі тірісінде бұл мәселе біраз шешімін тапқан да еді. *Әрине, бұл жерде ұлт республикалары шекараларын большевиктер көп ойланбай, бас қатырмай-ақ өз беттерімен жасауға тырысып та жатты.* Соның нәтижесінде тұтас, тығыз орналасқан этникалық өңірлердің дәстүрлі байланыстары үзіле бастады. Мысалы, бүгінде біздер Ресей мен Қазақ елінің мың бұралған шекара сызықтарынын көреміз. Шекараның ар жағында шоғырланып, орналасқан қандастарымыз қалды. Олар сол жердің автохтонды халқы, яғни алғашқы өмір сүріп жатқан жерінен **ешқайда қоныс аудармай** келе жатқан. Немесе, Қырғызстан мен Тәжікстанның Ленинабад облысында өзбектер көп қоныстанған болып шықты. Керісінше, өзбектің Бұқара мен Самарқанд қалаларының негізін тәжіктер құрады емес пе? *(бұлардың көпшілігі кейін күштеп өзбек деп жазылғаны тарихтан белгілі)* т.б. Кеңес үкіметінің бір кешірмейтін істерінің бірі, халықтарды әр-түрлі сылтаулармен мидай араластырып жіберуі еді.

Ә. Ермеков 1920 жылы көктемде Орынборда жасаған баяндамасында сол баяғы Ертіс, Жайық өзендері бойындағы он шақырымдық алқаптарды оны атам заманнан бері иеленіп келе жатқан қазақтарға қайтару жөнінде ұсыныс жасайды. Қазақты жерге орналастырғанда, әрине, қазақ жеріндегі аудандардың табиғат жағдайы мен шаруашылық түрлері және басқа да көршілермен қатынастары ескерілу керектігіне тоқталып, әзірге, қазақ жалпы жерге орналасқанша, орталық аймақтардан көшіп – қонуды тоқтата тұру туралы маңызды ұсыныс жасайды. Кейін осы ұсынысын ол Мәскеуде БОАК және Совноркомның Қазақстанға байланысты В.И.Ленин басшылығымен өткен мәжілістерде де ортаға салған.

1920 жылғы 18 мамырдағы қаулысы бойынша жаңадан құрылмақшы «Қазақ АКСР-інің жалпы жағдайы және оның шекара мәселесі» - жөнінде баяндама жасау үшін 2043 нөмірлі мандатпен Мәскеуге аттанғанда [10], *ол естелігінде Ақмола облысынан (губревкомынан) өкіл ретінде Сәкен Сейфуллиннің, әрине Қырревком төрағасы С.Пестковский болғанын көрсетеді.* Ермеков Мәскеуде төрт айдай болып, шекара мәселесімен тікелей жұмыс жасаған. **Өз естелігінде** сол төрт айда Қырәскериревкомның мүшелерімен үнемі араласып, пікір алмасып, шекараға байланысты керекті нұсқаулар мен ережелерді алып тұрғанын жазады. Әрине, бұл арада Ермековке өз тәжірибесімен бөлісіп, пікір, кеңестер беруде Әлихан Бөкейханның рөлі өте зор болды.

1919 жылы большевиктер өкіметінің бұрынғы алашордашыларға жасаған кешірімнен кейін Ә. Бөкейхан қалған өмірін ғылыми зерттеушілікке арнағаны белгілі, 1922 ж. Мәскеуде тұрды. Ал, Мәскеу қаласында Ермековпен Бөкейханның 1920 ж. кездесулері болды ма? Ондай деректер бізге кездеспеді. Ал, бұған белгілі «Алаштанушы» С.Х.Аққұлының «**Сталин Әлихан Бөкейханның соңына 1922 жылдан бастап түскен**» деген мақаласы мен 2013 ж. шығармалар жинағындағы деректерде Ә. Бөкейханның Мәскеуде қызмет бабымен болғаны айтылады. Мақаласында автор: «Ресей әлеуметтік-саяси тарих мемлекеттік архиві (РЭСТМА) ұсынған жеті құжаттың біреуінің көшірмесі. Бұл – РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының 1920 жылдың 8 наурызындағы «Әлихан Бөкейханды Совнарком мәжілісіне шақыруы туралы» хаттамасының көшірмесінің болуы т.б. [11]. Әрине бұл жазғандар рас болса, онда екеуінің арасындағы байланыстардың болғанына ешкім күмән келтірмеуі тиіс. Жалпы Ермеков Мәскеуде ХКК және БОАК мәжілістерінде болған пікірсайыс барысында өз халқының тарихын тамаша білетін **Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Сералин** және басқалардың ресми деректемелерден келтірілген бай негіздерге сүйене отырып, өлкені отарлау, оның жерін отаршылдық жаңа әкімшілік бөліністерге әдейі бөлшектеу, мұраға қалдырған ата қоныстарынан жаппай қуып шығу үрдісін ашып көрсетті. Әсіресе қоныстанушылар қордалана орналасқан, қара топырақты солтүстік облыстардың шекарасын анықтап, оларды қазақ жерінің құрамында қалдыру мәселесіне тоқталады [12.]

Ермеков естелігінде, сол жылы 23 маусым мен 7 тамыз аралығында өткен Мәскеуде II Коминтерннің конгресінің жұмысы жүріп жатқанын және өзінің осы конгресске басқа да елден келген өкілдермен арнайы шақырылған қонақ билетімен қатысқанын, онда Лениннің «*...әлеуметтік-экономикалық дамуда, жеңіске жеткен пролетариаттың көмегімен артта қалған ұлттық аймақтар капитализмге соқпай бірден социализмге өтіп, дамыған елдердің қатарына қосылатындығы*» жөнінде сөздерін тыңдағанын жазады.

Ия, сол күндері ұлттық автономия мәселесі ең басты саяси пікір таласына айналды. Алаңдататын оқиғалар да болды. Кеңес өкіметі кез келген сәтте Қазақ автономиясынан бас тартуы мүмкін еді. Соның бір айғағы ретінде **1920 жылы 19 мамыр күні бұрынғы тәуелсіз Башқұртстан** үкіметі **«Ресейдің автономиялық губерниясы»** болып жариялануы еді. (Анықтама: кезінде Башқұрт автономистерінің төрағасы З.Валидов бұрынғы келісім шартты негізге алып, 1919 жылы 13 желтоқсан күні Қазақ-Башқұрт Республикасын құру туралы

ұсыныс түсірген болатын. Алайда, Бүкілодақтық атқару комитетінің президиумы саяси оқиғаның күш алып кетуінен сескеніп, сол күні орталық комитеттің төралқасы төтенше отырыс жасап, «Қазақ-Баиқырт Республикаларының қосылуы туралы мәселе мақұлданбасын» деген қарар шығарды). Бұл мәселені жазып отырғанымыз осы кезеңдегі саяси оқиғаларды да көршілеріміздегі болып жатқан оқиғалармен тығыз байланыстыра зерттеуіміздің қажеттілігінен туындайды.

Мәскеуде Қырревкомның өзге мүшелерімен араласа жүріп, Ермеков өзін іскер, алғыр, жан-жақты білімді, мәдениетті қайраткер ретінде көрсетеді. Ә.Ермеков Қырревком мүшесі, әрі коллегия төрағасы болып сайланды. Осы, Мәскеудегі жұмыс сапарындағы естелігінде ол Алашорданың бұрынғы басқа да өкілдерімен кездескенін де жазған. Олардың арасында Халел және Жанша Досмұхамбетов, Ахмет Байтұрсынов болғаны белгілі. Ол **естелігінде:** «Халел және Жанша Досмұхамбетов менің көзқарасымның тез өзгергеніне таң қалып, біраз мәселелерге байланысты даулардың туғанын, тіпті пікір алысуымыз ерегіске ұласып кете жаздады» - деп жазады.

1920 жылғы 9-10 тамызда Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің Төралқасы жанында барлық мүдделі мекемелер мен ведомстволардың мәслихаты болып, онда Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқаруға байланысты және оның Ресей Федерациясымен шекарасы және өзара қатынастары туралы мәселелер талқыланды. Онда, Қырревкомнан С.Пестковский, Ә.Жангелдин, А.Кулаков, А.Мырзағалиев, Ә.Әлібеков, П.Петровский; Қазақстанның облыс орталықтарынан – С.П.Милютин, Д.Темірәлиев, Ә.Ермеков, Оразаев, РКФСР Ұлт істері Халық Комиссариатының төрағасының көмекшісі, Түрккомиссияның Орталық Комитетінің мүшелері Г.И.Сафаров, Т.Рысқұлов, БОАК мен РКФСР ХКК төрағалары, Жер Халық Комиссариатынан, Сібрревком, Омбы, Астрахань, Челябинск облыстық атқару комитетінің басшылары және басқа да жауапты адамдар қатысты. Екі күнге созылған бұл мәжілісте болашақ Қазақ автономиясының территориясы мәселесі төңірегінде тиянақты шешім болмады. Сондықтан бұл мәселелер 12-14 тамыздағы мәжілістерде жалғасын тапты. 14-тамызда болашақ Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Республикасын құру және оның шекарасын белгілеуге байланысты мәселені 17-тамызда В. Лениннің төрағалығымен өтетін БОАК мен ХКК-нің біріккен отырысында талқыға салынуы.

Осыған байланысты Ә.Ермеков Қазақ өлкесінің жағдайы мен оның шекарасын белгілеу мәселелері бойынша Халық Комиссарлары Кеңесінің мәжілісіне дайындалады. Мәжіліс 1920 жылдың 17 тамызында өтеді. Төрағасы В.И.Ленин болған ХКК-нің осы отырысында Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Республикасын құру туралы жоба жасалады [13].

Осы отырыстардағы Алаш азаматтарының ықпалымен (бұл жерде Қазақ елінен келген барлық делегация мүшелеріне байланысты айтып отырмыз) Қырғыз (Қазақ) автономиясы міндетті түрде құрылуы керек деген Лениннің нақты нұсқауы «Қазақ республикасын құру – шешілген мәселе қорытындысы дайындалып, тиісті мекемелер өкімет билігін Республиканың басқаруына берудің жолдары қарастырылсын және шекарасы анықталуы керек» - деген қаулы

қабылданады. 24 тамызда өткен соңғы қорытынды жиында Ленин қаулының дайын екенін, Әлімхан Ермековтің қайта жасалған баяндамасы бойынша заңдастыру қажет екенін айтып, шешім шығарылды.

Сонымен, Ә. Ермековтің Кеңес үкіметінің саяси басқару жүйесіндегі қызметі 1919 ж. желтоқсанынан басталып жиырмамыншы жылдардың соңына дейін жалғасты. Осынау тарихи қысқа мерзімнің ішінде-ақ, Ә.Ермеков Қазақстан Республикасының саяси тарихының беттерінде өзінің жарқын бейнесін мәңгіге қалдырып үлгерді. Бұл арада біздер Ә.Ермековке тағы жеке тоқталып, оның тікелей қатысуымен қазақ жерінің тұтастығын сақтау, шекарасын анықтау сияқты ең маңызды жұмыстар жүргізілгенін баса айтамыз. Атап айтқанда, Батыс Қазақстан өңірінің Каспидің солтүстік жағалаулары мен Семей, Ақмола облыстары жерлері, кейіннен Коростелев даласының Қазақстанға қайтарылуындағы үлесі тарихта бүгінде өз атымен аталып, өшпейтін оқиға ретінде бағалануы қажет.

Әрине, іс жүзінде орталықтың саяси стратегиялық мақсатына бағындырыла отырып шешілген автономияландыру мәселесі, ол заманда «автономия тәуелсіздік емес», «автономия-форма» ретінде қабылданғаны белгілі. Бұл қазақ жерінің Кеңес өкіметі дәуірі кезеңіндегі алғашқы әкімшілік - аймақтық бөлініске түсуі еді. Республиканың геосаяси және экономикалық - географиялық жағдайы кейіннен талай рет өзгерістерге ұшыраған болатын. Солай дегенмен, қазақтың кеңестік ұлттық мемлекеттігінің жариялануының орасан зор тарихи маңызы болды. Қазақ халқы бұл актіні өзінің ғасырлар бойғы арманының орындалуы, отаршылдыққа қарсы сан ғасырлық күрестің нәтижесі, ұлттық қайта өрлеу жолындағы алғашқы қадам деп қабылдады. Сол XX ғ. 20 ж. жылдарындағы қиын-қыстау заманында мемлекет мүддесін алға қойып, тәуелсіздік жолында жұмыр бастарын қауіп-қатерге салған қазақ зиялыларының игі істері бүгінде дұрыс бағалануы тиісті, олардың рухы алдында мәңгілік басымызды иіп және олардың аттары өлмеу үшін қолымыздан келгеннің барлығын жасауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер:

1. Образование Казахской АКСР. Сб. док. и мат. Под ред. докт. ист. наук С.Н. Покровского. -Алма-Ата: Изд., АН КазССР. 1957. -367с. (29-31; 122-131).
2. Есенғазы Қ. Қазақстан тарихы. (Кеңес дәуірі және тәуелсіз Қазақстан): Оқулық. –Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. – 512 б.
3. Алаш, Алашорда. Энциклопедия / Құраст.: Ғ.Әнес, С.Смағұлова. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. -544 б.
4. Россия и Центральная Азия. 1905-1925 гг. Сборник документов / Авт. сост. Д.А. Аманжолова. - Караганды: Изд-во КарГУ, 2005. -495 с.
5. Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚР ОМА) 5 қ., 1 т., 5 іс, 46-47 пп.
6. Соколов. В.Н. Сибиряки у Ленина. //Сибирские огни 1960 №4 <https://leninism.su/memory/199-sokolov.html>.
7. Нұрсұлтанов Қ. Әлімхан Ермеков // Білім және еңбек. -1967. -№6, 12-13 бб.

8. ҚР ОМА 1353-қ., 1-т., 4-іс, 34-п.; 20-іс, 22-26-п.; Зиманов С.З., Даулетова С.О., Исмагулов М.Ш. Казахский революционный комитет. - Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1981. - 196 с. (184).

9. Шығыс Қазақстан облысының жаңа тарих құжаттар орталығы (ШҚО ЖТҚО) 72-қ., 1-т., 34-іс, 110-п.

10. Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві (РФМА) 1329-қ., 1-т., 115-іс, 1-п.

11. Аққұлы С.Х «Сталин Әлихан Бөкейханның соңына 1922 жылдан бастап түскен» 03 қаңтар, 2011. <https://www.azattyq.org/a/kazakhstan>.

12. Жұртбай Т. Қазақ шекарасы қалай бекітілді <http://bairaq.kz/sayasad/2132-aza-shekarasy-alaj-bektld.html> 2020. 20.08.

13. Ленин В.И. Биогр. хроника, 1870-1924 / в 12-ти т-х. т.9, Ин-т марксизма-ленинизма при ЦК КПСС.- М.: 1987. -С.7,190; Зиманов С.З., Даулетова С.О., Исмагулов М.Ш. Казахский революционный комитет... С. 184.

ӘЛИ АҒАНЫҢ ЖАРҚЫН ӨМІРІ ЖАЙЛЫ ЕСТЕЛІК

Жақсы әке жаман балаға жүз жыл азық, дейді ғой, жалғыз менің ғана атам емес, исі қазақтың қамын жеген Әлімхан Ермеков сияқты ұлы адамдардың өмірі мен ісі әлі талай ұрпаққа өнеге болатына сенемін. «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз», деп Абай бабамыз тегін айтпаса керек, немере-шөберелерге аманат етуге тұрарлық тарихи тұлғаға менің туыстық қатысым бар екендігі үлкен мақтаныш.

Әлімхан әкей үшінші рет жер ауып Сібірден оралған соң 1955 жылы Қарағандыда тұрақтады. Сол жылы жаз айында, әлі есімде, Ақтоғайға келді. Жүрген жерлерінде балалардың оқып, білім алуына көмектескенін айта жүреді. Ауылға келген кезде де ауыл азаматтарына балаларынына білім беріңдер, оқытыңдар, білімді азаматтар болсын деп үгіттеп жүрді. Мені мектеп бітірген соң, «маған жібер, жоғары оқу орнына түсіп білім алады», -деп әкеме тапсырады. Тағы менен де басқа ауыл балаларын шақырады.

Мектепті бітірер уақытта менде екі таңдау болды, Алматы мал –дәрігерлік институты және Қарағанды техникалық институтына, әкем біраз уақыт өзің ойлан, таңдау жаса деп уақыт берді. 10-сынып бітірген жылы, әкей маған Әли ағаның – Әлімхан Ермековтың адресін көрсетіп, қағаз жазып берді де: «ертең Қарағандыға жол жүресің, мына қағазды Әли ағаға бересің, сол үйде жатасың, емтихан тапсырып, политехникалық институтқа түсесің, ол кісі сені тәрбиелейді, білімді жетілдіреді, оқуға өзі дайындайды. Ол ғалым адам. Сен Әли ағадан үлгі ал»-деп қалаға шығарып салды. Мен жүрексініп «жарайды» дедім.

Сонымен, Әли ағаның үйіне жүрексініп барып, ол менімен танысқан соң, «кәне білімді тексерейік» деді. Маған бір-екі есепті шығар, деп берді, өзі бір жерге шығып кетті. Есепті мен жартылай шығарып, әрі қарай шығара алмадым. Ол кісі тексеріп, маған «Сен білімді адам болғың келсе, талаптан, жігерлен, әкеңнен артық болуың керек. Білімді болу үшін көп еңбектену керек», - деді.

Сонымен, ол кісі мені күні-түні оқытқанның нәтижесінде, есеп шығара алатын болдым. Институтта 21 күндік консультация болады. Мені соған қатыстырды. Консультацияда шығарыңдар, деп беретін есептері Әли ағаның маған үйреткен есептері болатын. Жұмысқа немесе далаға шығып бара жатқан кезде, маған «мына есептерді шығарып қой»-деп бірнеше тапсырмалар беріп кететін. Мен сол есептерді шығарғанша шығарып, шығара алмаған есептерімді келіп түсіндіріп, үйретіп, әбден тақырыпты түсінгенше толық уақытын арнайтын.

Сонымен емтихан басталды. Бірінші физикадан бес алдым, екінші емтихан орыс тілі – төрт алдым. Үшінші емтихан математика болды. Қазақ балаларынан емтихан алатын – Әли аға, орыс тобынан бір кәріс мұғалімі болды. Мен билет алдым, билеттегі есептер де сұрақтар да таныс. Әли аға қабылдайтын орындыққа

отырып, дайындалып, дайын болған кезде: «мен жауап беремін», дедім. Әли аға: «отыр кезегің келгенде жауап бересің», деді де, «есебінді тақтаға жаза бер» деді. Тақтаға есебімді жазып, ауызша жауап бердім. Баға қойғанда екі мұғалім ақылдасып қояды екен, кәріс мұғалым 10 балл, Әли аға 6 балл қойды. Ол кезде 10 балл – 5 деген бағаны білдіреді, ал 6 балл – 3 деген бағаны білдіреді. Мен Әли ағаға іштей ренжіп, емтихандық жазған қағазымды жыртып тастадым. Ойладым, конкурстан өтпей қалатын болдым деп, бірақ ол ойым қате болды. Сонымен конкурстан өтіп, Қарағанды политехникалық институтына қабылдандым.

Әли аға өте мейірімді, жүрегі кең, қазақ балалары білімді болса деген ниетпен қызмет жасады. Өте талапшыл болатын. «Маған оқуға түскен соң, осы үйде жатасың, оқуыңды оқисың, бос жүру деген болмайды, қыдырмайсың»-деп айтты. Білім жағына, оқу жағына келгенде өте қатал болды. Өте көп жұмыс жасайтыны есімде қалыпты.

Әли аға ауылға келгенде ауыл азаматтарына той болатын. Ауыл азаматтары жиналып, Әли ағаның әңгімесін тыңдайтын. Тау басына шығып, серуендеп жүргенді ұнататын. Тау басына шығып, тас үстіне отырып, Абай әндерін салып, ұзақ ойланып отыратын.

Өмірдің, тағдыр тауқыметің көп көрген адам болғанымен, өте мейірімді, бауырмашыл, «Қалқам, қарғаш, айналайын»-деп бауырына тартатын.

Бірақ, мен сол уақыттағы Әли ағаның үмітің ақтамадым. Әрине, оның барлығы балалықпен болды. Ауылға кезекті демалысқа барғанда, ауылдан қайтқым келмей, ауылда қалып қойдым. Әли аға сонда әкеме «Ұлың оқудан қашып кетті, енді ауылда қара жұмысқа сал», -деп хабарласыпты. Содан ауылда бір жыл жұмыс жасап, келесі жылы Алматыға ауыл-шаруашылық институтына оқуға қабылдандым.

Әли ағаның сол кезеңдегі айтқан ақыл өсиеттері өмір жолыма азық болды. Өміріннің соңына дейін Қарағанды политехника институтында (қазіргі Қарағанды техникалық университеті) қызмет атқарды.



Әлімхан Әбеуұлы Еркеков, Садуақас Еркеков, Сейтжан Қожанбайұлы Еркеков

Ханевич В.А.

Руководитель Томского Мемориального музея,
Лауреат премии им. академика Д. С. Лихачёва,
с.н.с. Центра изучения исторической памяти при
ТОКМ им. М.Б. Шатилова
г. Томск, Россия

АЛИМХАН ЕРМЕКОВ И МЕМОРИАЛЬНЫЙ МУЗЕЙ «СЛЕДСТВЕННАЯ ТЮРЬМА НКВД»: ТОЧКИ СОПРИКОСНОВЕНИЯ

Алимхан Ермеков – известный казахский общественный и государственный деятель, один из основателей партии «Алаш», ученый, первый казахский профессор-математик.

«Следственная тюрьма НКВД» - Мемориальный музей истории политических репрессий советского периода, учрежденный ещё 1989 году в старинном сибирском городе Томске. Музей является первым музеем данной тематики на всем постсоветском пространстве. Сегодня – это не только первый, но один из самых известных музеев в России, призванных изучать и хранить память о тоталитарном советском прошлом, память о многочисленных жертвах сталинского режима.

Какова же связь томского музея с именем известного казахского политического деятеля и ученого?

К сибирскому городу Томску Алимхан Ермеков имеет непосредственное отношение. Именно в городе Томске с 1912 по 1917 годы он учился на горном отделении Томского Технологического института. В городе Томске шло его становление как общественного и политического деятеля. Здесь произошло его знакомство и завязавшаяся дружба со многими сибиряками, прежде всего с Григорием Николаевичем Потаниным, выдающимся ученым и общественным деятелем, лидером и идеологом сибирского областничества.

С Мемориальным музеем «Следственная тюрьма НКВД» связь имени Алимхана Ермекова более опосредована и в первую очередь связана с его дальнейшей жизнью и сложившейся судьбой. Алимхан Ермеков трижды подвергался арестам по политическим мотивам и был заключенным лагерей ГУЛАГа в 1938-1955 годы.

Данные обстоятельства его судьбы и позволили сотрудникам музея из города Томска обратить на него более пристальное внимание. Ибо миссия музея – рассказывать о судьбах людей с горькой и трагической судьбой, ставших в годы советской власти заложниками сложившейся тоталитарной политической

системы. Алимхан Ермеков – один из них. Ему посвящена одна из страниц на сайте Мемориального музея.

Однако его имя и судьба – далеко не единственное имя казаха в материалах, документах и экспозиции Томского Мемориального музея «Следственная тюрьма НКВД». Например, в настоящее время благодаря помощи историков из Казахстана сотрудники томского музея и его посетители знакомы с судьбой другого известного общественного и политического деятеля казахского народа, Ахмета Байтырсунова, в середине 1930-х годов отбывавшего ссылку в нашем печально известном Нарымском крае.

Сотрудники нашего музея будут благодарны всем, кто готов рассказать и предоставить материалы о своих родных и близких, своих соотечественниках, оказавшихся не по своей воле в наших сибирских краях, как и о наших земляках, отбывавших наказание в лагерях Карлага и других местах лишения свободы на территории Казахстана.

У Сибири и Казахстана долгие годы была общая схожая судьба - быть местом ссылки, депортаций, изгнания многих народов. Этот трагический период в нашей истории не должен быть забыт, он должен быть сохранен в памяти наших народов как залог того, что подобное не должно повторяться.

Миссия таких музеев как «Следственная тюрьма НКВД» в городе Томске, как музей истории ГУЛАГа в Москве, как музеи истории Карлага и «АЛЖИР» в Казахстане - хранить эту память. Собственно, благодаря сотрудникам музейно-мемориального комплекса жертв политических репрессий и тоталитаризма «АЛЖИР» мы и узнали об Алимхане Ермекове, о его ГУЛАГовском прошлом.

Приезжавшие в Томск в мае 2014 года для обмена опытом работы и заключения договора о сотрудничестве сотрудники этого музея, заведующая отделом Мемориального комплекса Раиса Рамазановна Жаксыбаева и старший научный сотрудник музея Каринбаев Жанбута Тахбулатович не только рассказали о Ермекове, но и подарили нашему музею фильм о нем «Ермеков Алимхан- чудом выживший в ГУЛАГе». Этот фильм мы разместили на ютубканале нашего музея, и он набрал почти две тысячи просмотров.

Приезд в Томск наших коллег из музея «АЛЖИР» заинтересовал нас поискать сохранившиеся архивные свидетельства пребывания Алимхана Ермекова в нашем городе. В ходе поисков в Государственном архиве Томской области (ГАТО) нами было выявлено дело на него как студента горного отделения Томского Технологического института. К сожалению, это архивное дело оказалось не полным, содержит всего 8 листов. Наиболее интересными и информативными, на наш взгляд, являются следующие документы: Подлинный аттестат зрелости, выданный Ермекову в 1912 году гимназией г. Семипалатинска после окончания им данного учебного заведения; Медицинская справка о

состоянии здоровья студента Ермакова, подписанная в декабре 1914 года врачом Томского Технологического института; Мандат комиссариата народного просвещения Кирреспублики, датированный 1920 годом о командировании Алимхана Ермакова из Оренбурга в Томск для завершения образования в Томском Технологическом институте.

Думаем, что поиск архивных документов, свидетельствующих о пребывании Алимхана Ермакова в Томске следует продолжать, ибо здесь он начал формироваться как общественный деятель, был делегатом I и II (чрезвычайного) Сибирских областных съездов, активно общался и дружил с сибирскими областниками, наверняка не только с Г.Н. Потаниным. Возможно общался и был близко знаком с такими единомышленниками Потанина как редактор газеты «Сибирская жизнь» А.В. Адрианов или М.Б. Шатилов, впоследствии в годы советской власти, как и Алимханов, репрессированные. В настоящее время имя Михаила Бонифатьевича Шатилова носит Томский областной краеведческий музей, а наш Мемориальный музей «Следственная тюрьма НКВД»- один из его отделов.

Жанаева Ш.А.
ШҚО «М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»
КМҚКдиректоры, ф. ғ. к., Қазақтан ПҒА корреспондент мүшесі,
Семей қ.

СЕМЕЙ. ӘЛІМХАН ЕРМЕКОВ

XX ғасыр басындағы Ресей империясының қоғамдық-саяси өмірінде орын алған буырқанған тарихи оқиғалар, ұлттық сана-сезімнің оянуы, отаршылдық саясатқа қарсы ұлт-азаттық қозғалыстың өрістеуі - елді өркениетті бағытта дамыту мақсатын көздеген Алаш идеясының қанат жаюына әкелді. Алаш қайраткерлері елді өркендетудің демократиялық баламасын ұсынды, ұлттық автономиялық мемлекеттілікті құру мақсатын алға қойды.

Алаш идеясының алтын бесігі, асыл өзегі болған, ұлт зиялыларының үлкен шоғыры қалыптасқан Семей қаласы алаштық қозғалыстың, ұлттық өрлеудің қуатты орталығы болды. «Алаш» қозғалысының көшбасшыларының бірі, мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым Әлімхан Ермековтің тұлғалық, қайраткерлік болмысының қалыптасуы Семей қаласымен тығыз байланысты. Ә.Ермеков Семей облысына қарасты Қарқаралы уезі, Темірші болысында дүниеге келсе, 1905-1912 жылы Семей ерлер гимназиясында білім алды, 1917-1918 жылдарда Алашорда үкіметінің жұмысына белсене араласып, Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі жылдарда қаламызда мемлекеттік, педагогтік жұмыстармен белсене айналысты. Ә.Ермековтің өз қолымен жазған өмірбаяндық анықтамаларында «Мен 1899 жылы Қарқаралыдағы реалдық екі сатылы училищеге оқуға түстім, 1905 жылы Семейдегі ерлер гимназиясында оқуымды жалғастырып, оны 1912 жылы 21 жасымда алтын медальмен бітірдім» - деп атап көрсеткен [5]. Орталық архивте Ә.Ермековтің Семей гимназиясында оқыған жылдарына байланысты біраз мәліметтер: оқушылар тізімі, сабақ үлгерім кестелері т.б. сақталған. 1906 жылғы оқушылар тізімінде 81-ші болып тіркеліп және төлем ақыдан босатылғандығы көрсетілген [6]. Семей гимназиясында оқыған жылдары туралы Әлімхан Ермеков 1960 жылдың 12 ақпанында жазған өмірбаянында: «Гимназияда оқыған алғашқы жылы мен земской стипендия алдым. 1906 жылы мені саяси жағынан сенімсіз деп тауып стипендиядан қақты. Оның себебі Семей облысының губернаторы А.Тройницкийге «оңбағансың» деп бір топ Қарқаралық гимназия түлектерінің атынан хат түскен. Патша жандармдарының тыңшылары ұйымдастырушылардың бірі ретінде мені көрсетіп, стипендиядан айырды. Мен ата-анамның қаражаты жоқтығынан ауқаттылардың балаларына сабақ беру арқылы тамақ асырадым», - дейді. Тағы бір себеп, оның Семейде Мемлекеттік Думаға делегаттар сайлауға арналған жиындарда өзінің серіктерімен «Думаға делегат етіп алдарына табақ тартқандарды емес, халық қамын ойлайтындар, мұң-мұқтажды айта алатын адамды сайлау керек», - деген өткір пікірі басшылыққа ұнамаған [7]. Жергілікті әкімшілік өкілдері Ә.Ермековті азаттық жолында тер төгіп жүрген қазақтың зиялы қауымын жақтағанына күдіктене қарап, шаралар қолданған. Гимназияда

оқыған жылдары оның алдыңғы қатарлы зиялы қауым өкілдерімен араласуы, орыстың революционер-демократтарының көзқарасымен танысуы оның отаншылдық, қайраткерлік сана-сезімінің қалыптасуына септігін тигізді.

1912 жылы жиырма бір жастағы Ә.Ермеков Семей гимназиясын алтын медальмен бітіріп шығады. Ол кездегі ереже бойынша гимназияны алтын медальмен бітірген жас талапкерлер Санкт-Петербург политехникалық институтына конкурстық қабылданатын. Бірақ әкесінен айрылып, тұрмыс тапшылығын көрген оның алыстағы Петербургке баруға мүмкіндігі болмай, Том технология институтының тау-кен факультетіне конкурстық қабылданып, студент атанады. Арада тоғыз жыл өткенде Ә.Ермековтің қамқорлығымен халқымыздың ұлы перзенті, Қазақ ССР Ғылым академиясының негізін салушы, әрі оның тұңғыш президенті, Семейдің мұғалімдер семинариясының түлегі Қ.Сәтпаев та осы институттың табалдырығын аттайды. И.Лозовский мен Г.А.Сипайловтың 1999 жылы Том қаласында баспадан шыққан «Студенческие годы Каныша Сәтпаева в Томске» деген зерттеу еңбегінде Ә.Ермековке жеке тоқталып, оның М.А.Усовқа тигізген жәрдемі, Қ.Сәтпаевпен жақын танысуына дәнекер болғанын атап өтеді. Том қаласында институтта оқыған жылдары Ә.Ермеков қаражатқа мұқтаж болып, қиындық көргенде Семейлік жерлестері материалдық жағынан көмек көрсетіп отырған. Мысалы, «Қазақ» газеті 1915 жылы 13 ақпанда Семейде Н.Құлжанованың басшылығымен мұғалімдер семинариясының оқушылары әдеби-музыкалық кешті ұйымдастырды. Кеште 917 сом 69 тиын түсім ақша түсіп, оның 320 сомы Семей облысының мұқтаж 12 қазақ жастарына бөлінді: Студент – технолог Әлімхан Ермековке 100 сом, студент Халел Ғаббасовқа – 40 сом т.б. тиісті ақшаларын алды деп хабарлайды [8].

Томдағы студенттік жылдары ол университеттің білімімен шектеліп қалмай, азаттық, демократиялық озық ойлы идеяларды бойына сіңіреді. Сібірдегі демократиялық қозғалыстардың куәгері болып, болашақ күрес жолында саяси тәжірибе жинайды.

Ақпан революциясының жеңісі халыққа демократиялық бостандықтар: саяси партиялар құру, сөз, баспасөз бостандығын берді. Отарлық езгінің белгісі болған патшаның құлауын қазақ халқы зор қуанышпен қарсы алды. Сол уақытта Минскіде жүрген Алаш қозғалысының жетекшісі Ә.Бөкейханов «Жаңарған Ресейдің азат азаматтары - қазақтарға» деген үндеу арнап: «Қазақтарға жаңа құрылысты және жаңа үкіметті қолдау үшін ұйымдасу қажет. Жаңа құрылысты қолдаған барлық ұлттармен жағаласып жұмыс істеу керек, біздің ұранымыз – бірлесу және әділеттілік» деп атап көрсетті. Осы бір тарихи кезеңде, Ә.Ермеков оқып жүрген институттың бесінші курсын аяқтамай, Семей қаласына оралып, саяси жұмысқа белсене араласады. Ә.Ермековтің сол кезең туралы белгілі жазушы М.Сәрсекке айтқан естелігінде: «-Мен 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін Том қаласындағы технологиялық институттағы оқуымды үзіп, қасымда сол кезде әр түрлі Ресей қалаларында оқитын қазақ жастары бар Семейге қайтып оралдық. Ондағы мақсатымыз елді ояту, губерниядағы әлеуметтік жұмыстарға белсене араласу еді. Өмірдегі ащы өкініштеріміздің бірі сол жастардың бәрі де

кейінгі қуғын-сүргін кезеңінде опат болды. Солардың тірі жүргені мен ғана», - деп ішкі шерін білдірген еді [9].

1917 жылы сәуір мен мамырда Қазақстан бойынша облыстық және уездік қазақ съездері өтті. Ж.Ақбаев, Ә.Ермеков, Х.Ғаббасов жетекшілік еткен Семей облыстық қазақ съезінде әлеуметтік-саяси мәселелер көтерілді. Семей облыстық Қырғыз (Қазақ) комитеті құрамына 20 мүше мен 10 үміткер сайланды. Комитеттің толық мүшесі болып Ә.Ермеков енді. 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда өткен бірінші жалпықазақ съезінде «Алаш» партиясы құрылғаны жарияланып, партия мүшелігіне Ә.Ермеков те кірді. Съезде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына сайлау мәселесі де қарастырылып, депутаттыққа үміткер ретінде Семей облысының атынан Ә.Ермеков, Х.Ғаббасов, Ж.Ақбаев, Г.Н.Потанин ұсынылады. «Қазақ» газетінің №257 нөмірінде Алаш партиясы атынан Торғай және Семей облысынан құрылтай жиналысына сайланған депутаттар жайлы сөз қозғалып, «- Әлімхан білімді, шешен, өткір, халыққа қызмет етуді өзіне парыз санаған жігерлі жас азамат», -деп атап көрсетеді[8]. Құрылтай жиналысына сайлауда «Алаш» партиясы халықтың басым дауысына ие болады. Ә.Ермеков кейінгі өмір кезеңінде «Алаш» партиясына адалдығын сақтап, басқа ұйымға мүшелікке өткен емес. Кеңестік дәуірде Ә.Ермековтің коммунистік партия қатарына өтпеуі оның ұлтжандылығын, өз принципіне беріктігін көрсетеді.

«Алаш» партиясының Семей облыстық комитетінің ашылуы Ә.Бөкейханов пен Ә.Ермековтің Томда 8-10 қазан аралығында болып өткен Сібір автономистері съезінен қайтар сапарында іске асырылды. Семей қаласында 12-13 қазан күндері қала жұртшылығымен кездесулер өткізіп, баяндамалар жасайды. Семейдегі кездесуде Ә.Бөкейханов және Ә.Ермеков Томда өткен Сібір автономистердің съезі туралы есеп беріп және «Алаш» партиясының бағдарламасымен, күрес әдісімен таныстырады. Том тау-кен институтын бітіруге жақындап, қоғамдық-саяси көзқарасы жағынан есейген Ә.Ермековтің 1917 жылғы ақпаннан қазанға дейінгі айлардағы негізгі саяси қызметі Семей қаласымен тікелей байланысты болды. Облыстық және уездік қазақ съездерін өткізуге өз үлесін қосып, алғашында облыстық Қырғыз (Қазақ) комитетінде, кейіннен Атқару комитетінде қызмет жасап, өлкедегі саяси-әлеуметтік, мәдени мәселелерді шешу төңірегінде үлкен жұмыс атқарды.

1917 жылы қазан төңкерісі нәтижесінде большевиктер партиясы билік басына келіп, Қазақстан қалаларында Кеңес өкіметі орнай бастады. 1917 жылы желтоқсанда өткен екінші жалпықазақ съезінде тез өзгеріп жатқан саяси жағдайда қазақ автономиясын құру және оның үкіметін қалыптастыру, милиция, оқу, ұлт қазынасы, мүфтилік, халық соты т.б. өзекті мәселелер қаралды. Съезд шешімімен алаш автономиясы құрамына: «Бөкей ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстарының, Ферғана, Самарқан қазақ уездерінің және Закаспий облысы мен Алтай губерниясының қазақтар мекендеген аудандары енуі тиіс болды. Тегі бір, мәдениеті, тарихы бір және тілі бір қазақ-қырғыз халқы басым тұтас аумағынан территориялық автономия құрылсын», - деген қаулы қабылдайды. Екінші жалпықазақ съезі «Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен уақытша «Ұлт Кеңесін» құрып, оның аты

«Алашорда» болсын деген шешім шығарды. Жаңа құрылған үкіметтің құрамына Ә.Ермеков те сайланды. Алаш автономиясының құрылуын газет бетінде сүйінші сұрап, жар салған Ә.Ермековтің «Жасасын, Алаш, жасасын!» деген бас мақаласы жарық көрді [4]. М.Құл-Мұхаммед пен жазушы Б.Мұстафа: «Ә.Ермеков осы айларда Алашорданың вице-премьері, қорғаныс министрі қызметін атқарды», - дейді [8]. 1917-1918 жылдары Алашорда үкіметінің атынан Уақытша Сібір үкіметі, Комуч, Башқұрт үкіметі, Сібір облыстық думасы, Уфа директориясы, Колчактың Омбы үкіметімен келіссөздер жүргізуге қатысады.

Кеңес өкіметі күшейіп, 1918 жылғы 5 қаңтарда Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын күшпен таратқаннан кейін, Алашорда басшылары мен большевиктер арасындағы қайшылық тереңдей түсті. Ә.Бөкейхановтың тікелей тапсырмасымен 1918 жылғы 19 наурызда Х.Ғаббасов, 2, 21 сәуір күні Х.Ғаббасов пен Ә.Ермеков Семейден төте сым (телеграф) арқылы В.И.Ленин және И.В.Сталинмен Алашорда мен Кеңес үкіметінің арақатынасы жөнінде келіссөздер жүргізеді [4]. 1929 жылғы қарашаның 10-да ОГПУ-дің тергеушісіне берген Х.Ғаббасовтың жауабында «Сталинмен телеграф сымы арқылы келіссөзде қойған ұсыныс-талаптары алдын ала Ә.Бөкейханов, Р.Мәрсеев, Ә.Ермеков, Б.Сәрсенов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов қатынасқан арнайы мәжілісте тұжырымдалған болатын», - деуі Ә.Ермековтің қайраткерлік, дипломатиялық қарымын көрсетеді. Осылайша Ә.Ермековтің Семейдегі қоғамдық-саяси қызметінің бір қыры Алашорда үкіметіндегі қызметімен байланысты болды. Түрлі келіссөздерге қатысып, Алашорда үкіметінің көптеген жарлықтарын, заңдарын дайындап, шығаруға ат салысты.

